- Ол үшін өздерің дайындаған әртүрлі қағаз қиындылары бар, соларды пайдаланамыз.

- Балалар, майда қиындыларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.

- Міне, балалар, әжемізге арналған қалта орамалы да дайын болды.

- Кәне, қалта орамалдарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?

- Қандай әдемі қалта орамалдарың! Әжелерің риза болатын болды.

2.4. «Ұзын-қысқа» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттарды салыстыра отырып, заттардың қысқасын табуға және ұзының атауға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Ойынның барысы: балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстелдің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз әжемізге арнап не дайындадық?
- Қалта орамалын неден дайындадық?
- Қалта орамалын жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Қалта орамалының шетін қалай әрледік?
- Шашақ дегеніміз не?
- Шашақты қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Шашақтың ортасына не жапсырдық?
- Жолақшаларды қалай жапсырдық?
- Жолақшалардың ортасын қалай әшекейледік?
- Немен әшекейледік?
- Соңында не пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, әжемізге арналған қалта орамалын керемет жасадыңдар!
- Үйге барғанда әжелеріңе апарып берсеңдер, қатты қуанатын болды.
- Айдос пен Жанардың әжесі ауылда ма? Кешке әжелеріңе хабарласып айтыңдар, сізге арнап қалта орамалын дайындап қойдық, ауылға барғанда апарамыз деп, әжелерің сендер барғанша қуанып күтіп жүреді.
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова А.



ХАТ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ақ қағаз парағының бұрыштарын симметриялы бүктеуге үйрету; әртүрлі бүктеу тәсілдері арқылы хат салатын конверт жасау икемділіктерін қалыптастыру; қағазбен жұмыс жасауға қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Симметрия", "бүктеу", "теңестіру", "конверт", "хат", "қалта" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, үлгі ету, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, тақтайша, майлық, желім-қарындаш, картоннан жасалған пошта жәшігі, хат

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, хат

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Күн дидарлы өлкем"

Педагог:

- Балалар, бәріміз үлкен күн сияқты әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, біз қандай мемлекетте өмір сүріп жатырмыз? Қазақстан мемлекетінде өмір сүріп жатырмыз.
- Балалар, мына суретке қараңдаршы, біздің өлкеміздің күндей жарқырап тұр!
- Олай болса, шуақ нұрын сепкен өз мемлекетімізге ризашылығымызды бідірейікші!
- Күлімдейді көкте күнім (қолдарын жоғары көтереді).
- Шашып жерге шуақ нұрын (алақандарын жанына жіберіп жаяды).
- Жарқырады күн сәулесі (орындарында тұрып, айналады),
- Сары алтынға бөлеп бүгін (қолдарын жоғары көтереді).
- Жарқырады күн сәулесі (қолдарымен ирек жасайды),
- Сары алтынға бөлеп бүгін (қолдармен күн бейнесін көрсетеді).

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балаларды қызықтыру мақсатында:

- Балалар, сендер біздің Қазақстан туралы Президентімізге арнап, хат жазғыларың келе ме?
- Не деп жазамыз дейсіңдер ме? Біз осындай қазақтың кең байтақ жерінде өмірге келгенімізге қуаныштымыз деп жазуға болады.
- Балалар, әлде, Президентімізге айтатын басқа да тілектерің бар ма?
- Сондықтан алдымен хат салатын конверт жасап алуымыз керек.
- Балалар, Президентімізге хат жолдау үшін конверт бәрімізге керек, солай ма?
- Ол үшін, конвертті қалай жасау керектігін үйренуіміз керек.
- Балалар, неге хатты конвертке салады?
- Себебі, конверттің көлеміне қарай хатты да үлкен параққа немесе кішкентай параққа жазып салуға болады, конвертті ешкім ашып оқымайды.
- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Хат салатын конверт екен.
- Балалар, онда бәріміз хат салуға арналған конверт жасауға кірісейік.

1.3. Педагог:

- Балалар, тақтадағы суретке тағы да қарайықшы?
- Балалар, енді осы конверттің қалай жасалатынын үйреніп алайық.
- Конверттің көлемі де сендерге арналған кішкентай екен.
- Балалар, конвертті түрлі-түсті қағаздан да жасауға болады. Бірақ, біз хатты Президентімізге жолдайтын болғандықтан ақ парақтан жасағанымыз дұрыс, солай ма, балалар?
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, ол қағазды үшбұрыштап бүктейміз, үшбұрыштан артылған жолақшаны қайшымен қиып тастаймыз, енді үшбұрышымызды жазамыз.
- Балалар, қолымыздағы қағазда қандай пішін пайда болды? Шаршы пайда болды.
- Енді, балалар, әрі қарай бүктеуге кіріспес бұрын саусақтарымызды біраз қимылдатып алайықшы?! Себебі, бүктеген кезде саусақтарымыз бен қолдарымыз шаршап қалуы мүмкін.

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Хат"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Хат жазамыз, арнаймыз (саусақтарының басын қимылдатады),
- Туған жерді жырлаймыз (қолдарын жанына жібереді).
- Мақтан тұтып елімді (қолдарын жоғары көтереді),
- Айдын шалқар көлімді! (қол білезіктерін айналдырады)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға ақ қағазды аламыз, жаңағы үшбұрышты бүктелген күйінде қайтадан ұстаймыз.
- Енді сол бүктелген үшбұрышты тағы да қатты майыстырмай, екі бұрышын қосып теңестіреміз де

қағаздың дәл орта тұсын майыстырып, белгілеп аламыз.

- Енді қағазды жазамыз, шаршы бейнесі қайта пайда болды, солай ма?
- Шаршының өзі майысқан екі үшбұрыштан тұратыны көрініп тұр.
- Сол бөлінген үшбұрыштың астыңғы үшбұрыш бөлігін тағы да бүктейміз.
- Балалар, енді сол жерді тағы да бүктейміз.

- Тақтадағы конвертке де қарап отырамыз.

- Енді, балалар, қолымыздағы қағаздың екі жаны үшбұрыш болып тұр, сол үшбұрыштарды қағаздағы белгілеп алған орта нүктеден сәл асырып, екі жағын кезек ішке қарай бүктейміз.
- Сол бүктелген бұрышты бір-біріне кигіземіз, жарайсыңдар.
- Балалар, менімен бірге бәріміз қайталап отырмыз ба, қазір тексеріп шығамын бәріңді?
- Енді жаңағы бір-біріне қиылыстырылған екі бұрыштың арасына жұқалап желім жағамыз.
- Балалар, конвертіміз дайын болды.
- Енді, балалар, конвертімізге қарайықшы, неше қалтасы бар екен?
- Конвертімізде үш қалта бар екен, бір үлкен, екі кішкентай.
- Балалар, енді Президентімізге арналған хатты осы конвертке сала берсек те болады.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, конверт жасап болдық, енді Президентімізге не деп хат жолдаймыз?
- Балалар, алдарыңда бәріңе бірдей жазылған хат жатыр, мен сендерге хаттың мағынасын оқып берейінші, егер, келіссеңдер сол хатты жібереміз
- Алдымен хатты мұқият тыңдаймыз:
- "Құрметті Президент! Біз балабақша балалары Қазақстан жерінде дүниеге келгенімізге шексіз бақыттымыз! Біздің еліміз кең, ұлан-байтақ өлке! Біздің мемлекетімізді басқару үшін сіз де аман болыңыз! Біз сізді жақсы көреміз, әрі мақтан тұтамыз!"
- Қалай, балалар, сендердің аттарыңнан Президентімізге жазған хат ұнады ма?
- Олай болса, балалар, алдарыңдағы хатты бәрің өз қолдарыңмен конверттегі үлкен қалтаға салыңдар. Жарайсыңдар!
- Балалар, конверттің енді екі кішкентай қалтасы қалды, оған өздерің не салғыларың келеді?
- Олай болса, балалар, алдарыңдағы түрлі-түсті қағаздың бояусыз бетінде әртүрлі бейнелер мен формалар бар, солардан өз қалауларыңмен ұнағанын қиып, бос қалтаға салуларыңа болады.
- Балалар, менің балаларым Президентімізге не сыйға тартқысы келеді екен, білгім келеді.
- Ұқыпты және әдемі қиямыз, балалар.
- Міне, балалар, Президентімізге арналған сендердің сыйлықтарың да дайын болды.
- Кәне, бәріміз конверттің қалтасына салайық?!
- Қандай әдемі конверт болды! Енді, балалар, хаттарыңды менің алдымдағы пошта жәшігіне саламыз, бүгін кешке қарай пошташыдан беріп жібереміз.
- Жарайсыңдар, балалар!"

2.4. «Пішінді құрастыр» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды түстер мен пішіндерді ажыратып, құрастыра білуге үйрету; есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.

Ойынның шарты: балалардың алдына әр түрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін не дайындадық?
- Конвертті неден дайындадық?
- Конвертті жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Конверттің неше қалтасы бар?
- Бүктеу тәсілі дегеніміз не?
- Конвертті қалай бүктедік?
- Жапсыру тәсілін пайдаландық па?
- Желімді неше рет пайдаландық?
- Конвертке не салдық?
- Хат кімге арналды?
- Хатта не туралы жаздық?
- Конвертті қайда салдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларды мақтай отырып:

- Балалар, хатқа арналған конвертті керемет жасадыңдар!
- Бәрің де Президентімізге жалауша мен алма жасап жіберіпсіңдер ғой!
- Енді түсіндім, балалар, не үшін Президентімізге жалауша мен алма жасап жібергендеріңді Ата Заң мерекесімен құттықтап, жалауша жасадыңдар және алманың отаны - Алматы қаласынан деген тілекпен алма жіберген екенсіңдер ғой, менің балаларым қандай ақылды еді, жарайсыңдар!
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова А.



КҮЗГІ ЖАПЫРАҚ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қағазды умаждау тәсіліне үйрету; түрлі-түсті қағаздарды умаждау арқылы жапырақ жасауға дағдыландыру; умаждау тәсіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Умаждау", "түрлі-түсті", "жапырақ", "алақанмен умаждау", "қалпына келтіру", "бейнені қию", "күзгі жапырақ" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, умаждау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті су бояқ, түрлі-түсті қарындаштар, үйеңкі жапырағының үлгісі, фломастер, су құйылған ыдыс, қылқалам, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті су бояқ, түрлі-түсті қарындаштар, үйеңкі жапырағының үлгісі, фломастер, су құйылған ыдыс, қылқалам, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Күзгі жел"

Педагог балалардың назарын аударып:

- Балалар, сендер күзде жапырақтардың желден қалай шуылдайтынын білесіңдер ме?
- Балалар, "Күзгі жел" туралы өлеңде жапырақтардың қалай шуылдайтыны туралы айтылады.
- Олай болса, күзгі желдегі жапырақ болайықшы!
- Шеңберге тұрамыз (қолдарынан ұстайды),
- Жапырақтай шулаймыз (қол білезіктерін айналдырады)
- Шук, шук, шук! (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Шук, шук, шук! (орындарында тұрып, айналады)
- Жерге түсе бастаймыз (қолдарын төмен түсіреді),
- Ағашты айтып тұрамыз (қолдарымен ирек жасайды).
- Сол сияқты тербелеміз (екі жаққа тербеледі),
- Күзгі жел боп әндетеміз! (алақандарын жанына жіберіп жаяды)

- Ооо-ооо-ооо! (орындарында тұрып, айналады)
- Ооо-ооо-ооо! (қол білезіктерін айналдырады)

1.2. Педагог:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілі болса, қандай ай?
- Балалар, терезеден айналаға қарайықшы? Ағаштардан қандай өзгерістер көріп тұрсыңдар?
- Ағаштардың жапырақтары түсіп жатыр, солай ма?
- Балалар, күзде ағаштың жапырағы неге түсетінін білесіңдер ме? Иә, күн сәулесінің жылуды аз беруінен ағаштың жапырақтары сарғайып, түсе бастайды.
- Балалар, күзде ағаштың жапырақтары тек сары түске бояла ма?
- Күзде ағаштың жапырақтары әртүрлі түске боялады екен, солай ма, балалар?

- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Түрлі-түсті жапырақтар, қандай әдемі!
- Балалар, осындай түрлі-түсті жапырақтар жасағыларың келе ме?
- Олай болса, балалар, жапырақтар жасауға кірісейік!

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз осындай түрлі-түсті жапырақтарды жасап үйренуіміз керек!
- Түрлі-түсті жапырақтар неден жасалған екен?
- Умаждалған қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды аламыз, алдымыздағы ыдыстағы суға маламыз, қағаздың суын сығып, алақан арасына салып, умаждаймыз

- Тақтаға қарандаршы, балалар, қағазымыз қандай болуы керек?
- Балалар, қолымыздағы ақ қағазды қайтадан жазамыз, қағазымыз әбден умаждалған екен, енді қағазды кебу үшін қалың кітап арасына салып қоямыз.
- Енді, балалар, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Жапырақтар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Сарғаяды жапырақ (қолдарын жанына жібереді),
- Сары барлық атырап (қолдарын жоғары көтереді).
- Желмен бірге билейді (орындарында тұрып, айналады),
- Биші сары жапырақ (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді кітап арасындағы кепкен қағазды қолымызға алып, қараймыз.
- Балалар, қолдарындағы қағаздарың тақтадағы қағазға ұқсай ма?
- Қағазды сол қағазды қолымызға қылқаламды алып, сары, қызғылт, қызыл, ашық қоңыр, жасыл-сары түстерді араластырып, субояқпен бояймыз.
- Балалар, тақтаға қарандаршы, бояған қағаздарыңда осындай түстер пайда болуы керек.
- Дұрыс бояп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қылқалам мен субояқта болады.
- Жарайсыңдар, бояғандарың әдемі болды!
- Енді, балалар, алдарыңда үйеңкі жапырағының үлгісі бар, сол үлгіні боялған қағаздың үстіне қойып, фломастермен немесе қарындашпен айналасын сызып шығамыз.
- Балалар, тақтадағыдай жапырақты қағаздың үстіне ұқыптап қоямыз және айналасын қарындашпен ұқыпты сызып шығамыз.
- Балалар, тақтадағыдай жапырақ шықты ма?
- Енді сол жапырақты қайшымен ұқыптап қиямыз.
- Балалар, бәріңде тақтадағыдай жапырақтар пайда болды ма?
- Енді, түрлі-түсті қарындаштармен жапырақтардың тамыр сызықтарын саламыз.
- Балалар, тақтаға қарандаршы, жапырақтарың қандай әдемі шықты!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Осы дайын жапырақтарды ағашқа іліп, үйеңкі ағашын безендіруіміз керек.
- Ол үшін, балалар маған сендердің шығармашылықтарың керек!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, тақтаға қарайықшы, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, жапырақсыз үйеңкі ағашы.
- Балалар, жаңағы жасаған жапырақтарымызды осы ағашқа жапсырып, безендіруіміз керек.
- Ол үшін әр команданың балалары жасаған жапырақтарын менімен бірге ағашқа түрлі-түсті түйреуіштермен бекітеміз.
- Балалар, қарандаршы, біздің ағашымыз әдемі безендіріліп жатыр ма?
- Жақсы, енді, келесі команданың балалары жапырақтарын алып келеді.
- Балалар, сендердің жапырақтарың үйеңкі ағашын әдемі безендіріп жатыр!
- Келесі команда балалары жапырақтарыңды алып келіндер.
- Жапырақтар жапсырылып бітті, енді ағашты тағы немен безендірсек болады?
- Ол үшін ағашқа тиінді отырғызамын.
- Балалар, ағашты безендіруде тағы қосар ойларың бар ма?
- Міне, балалар, қарандаршы, үйеңкі ағашы да дайын болды.

2.4. «Ұқсайды – ұқсамайды» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттардың түрі мен түсін, формасы мен көлемін және қандай материалдан жасалғанын салыстыру бойынша ұқсастықтарын байқауға үйрету; байқағыштығын, ойлауын, тілін дамыту.

Ойынның барысы. Педагог алдын-ала әртүрлі заттарды даярлап, оларды бөлмеге балаларға байқатпай орналастырады.

Педагог балаларға бөлмеде көптеген заттардың бар екенін, олардың бірдей және әртүрлі, ұқсас немесе мүлдем ұқсамайтындарын айтып, естеріне түсіреді:

- Балалар, біз бүгін бір-біріне ұқсас заттарды табамыз. Олар түсі, формасы, көлемі, материалы бойынша ұқсас болуы мүмкін. Енді ойын ережесін тыңдаңдар, әрқайсың бөлмені аралап, екі ұқсас затты алыңдар да, орындарыңа отырыңдар. Мен кімді көрсетсем, сол бала қолындағы затты неге алғанын және олардың ұқсастықтары қандай екенін айтып беруі керек.

- Мысалы, қасық пен машина қалай ұқсас? Әрине, олар ұқсас емес.

- Ал, оларды ұқсас деген бала өз таңдауының дұрыс екендігін дәлелдеуге талпынады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, біз бүгін не дайындадық?
- Жапырақтарды неден дайындадық?
- Жапырақтарды қандай тәсілмен дайындадық?
- Қағазды қалай умаждадық?
- Қағазды қалай кептірдік?
- Қағазды немен боядық?
- Қандай түстермен боядық?
- Жапырақтың пішінін қалай жасадық?
- Жапырақтарды қайда жапсырдық?
- Жапырақтарды қалай жапсырдық?
- Жапырақтарды қандай ағашқа жапсырдық?
- Ағашты тағы немен әшекейледік?
- Соңында не пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:

- Балалар, тобымызға арналған керемет күзгі үйеңкі ағашын жасадыңдар!
- Тобымызға қонақтар келсе, қатты таңғалатын болды.
- Өзіміз де күнде осы ағашқа қарап, еңбегіміздің жемісін көріп, қуанып жүретін болдық, солай ма, балалар?
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Сикымбекова.К



ҚҰСТЫҢ ҰЯСЫ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ермексаздан шиыршықтау тәсілі арқылы құстың ұясын жасауға үйрету; шиыршықтау кезінде алақанмен жұмыс жасау икемділігіне баулу; ұя жасауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Шиыршықтау", "алақан арасына салу", "үзбей шиыршықтау", "есу", "өру", "майыстыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, шиыршықтау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, құстардың үйшігінің макеті, құстардың суреттері, түрлі-түсті ермексаз, кескіш, тақтайша, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті ермексаз, кескіш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, терезеден далаға қараңдаршы? Қандай құстарды көріп тұрсыңдар?
- Балалар, қарлығашты осы айда көргендерің бар ма?
- Сонда қарлығаш қайда ұшып кетті деп ойлайсыңдар?
- Балалар, жыл құстарының көбі тамыз айында жылы жаққа ұшып кетеді екен.
- Балалар, құстарға деген қайырымды ниетімізді білдірейікші!
- Сағындырып көктемде (қолдарын жоғары көтереді),
- Қиқулап ұшып келетін (қол білезіктерін айналдырады)
- Торала сары күзде (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Көкте қатар түзетін! (орындарында тұрып, айналады)
- Аялайық құстарды (қолдарын жоғары көтереді),
- Қамқор болып әрдайым (қолдарымен ирек жасайды).

- Құсқа ұя жасауға (қолдармен ұя бейнесін жасайды),
- Отырамыз біз дайын! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, құстар біздің досымыз, солай ма?
- Олай болса, осы күзден бастап құстарға ұя дайындап қойсақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, құстардың барлығына бірдей ұя жасай алмаймыз.
- Сондықтан әрқайсымыз біреуден ұя жасап қойсақ та болады емес пе?
- Балалар, сендерге қай құстың ұясы ұнайды?
- Жарайсыңдар, қарлығаштың ұясы ұнайды екен.
- Балалар, жыл құстарының ішінде қай құс ұя салмайды?
- Дұрыс айтасыңдар, көкек ұя салмайды екен.
- Себебі, көкек әр құстың ұясына жұмыртқасын тастап кете береді екен, оның балапанын басқа құстар басып шығарады, солай ма?

- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Көкектің түрі сүйкімді! Тек балапандарын өзі баспайтыны болмаса, түрі сүйкімді көкекке ұя жасап берсек, қалай қарайсыңдар, балалар?
- Олай болса, балалар, көкекке арнап ұя жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Көкек басқа құстың ұясының қасында отыр.
- Көкек ұядағы құстың ұшып кетуін күтіп отыр екен, солай ма?
- Балалар, ұя жасап, көкекті сол ұяға жұмыртқа салуға қалай үйретсек болады?
- Онда алдымен ұя жасап алайық, көктемде көкек келгенше ойланып көреміз, солай ма?
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, тақтайдың үстіне қоңыр түсті ермексазды аламыз, ол ермексазды үш бөлікке бөлеміз.
- Балалар, қолдарыңдағы ермексаздың түсі қандай? Қоңыр екен.
- Енді, балалар, ұя жасауға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Құстар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Қанаттарын жаяды (қолдарын жанына жібереді),
- Желпіп-желпіп қағады (қолдарын қанат сияқты сермейді).
- Жаңбыр болса, су болып (саусақтарының басын қимылдатады),
- Кептірініп алады (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға қоңыр түсті ермексазды алып, үш бөлікке бөлеміз.
- Ол үшін, балалар, ермексаз кесетін кескішпен қалай кесеміз? Ермексазды тақтайға салып, керек бөлшегімізді кесіп аламыз.
- Балалар, тақтадағы суретке назар салып, қараңдаршы?
- Біздің жұмысымыз алты этаптан тұрады.
- Дұрыс кесіп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы ермексаз бен кескіште болады.
- Жарайсыңдар, бөліктерің әдемі болды!
- Енді, балалар, тақтаға қарай отырып, ұяның астына төсеніш жасаймыз, домалақ ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеп аламыз да алақан арасында ұстап, жалпайтамыз.
- Балалар, енді қалған екі бөлікті бірдей қылып, екі алақан арасына салып, шиыршықтаймыз және ермексаз ұзарғанша есеміз.
- Енді екі ұзын ермексазды бір-біріне өреміз.
- Балалар, қолымыздағы өрілген ермексазды майыстырып, дайын тақтайша дөңгелектің үстіне орналастырамыз.
- Соңында өрілген ермексаздың екі ұшын біріктіріп, ұя жасаймыз.
- Балалар, ұямыз дайын болды!
- Жарайсыңдар, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, құстың ұясын жасап болдық.
- Енді, ұяға не жасасақ болады?
- Әрине, балапан керек қой?
- Ол үшін тақтайшаның үстіне сары ермексазды қойып, тағы да үшке бөлеміз.
- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?!
- Ұяда үш балапан жатыр, ол үшін сары ермексазды алақан арасына салып домалақтап, бір ұшын сәл созамыз.
- Балалар, осылай үш балапанның пішінін жасап аламыз.
- Балапанның денесі жасалып бітті, енді бізге не қалды? Көздері мен тұмсығы қалды.
- Ол үшін қызыл және қара ермексазды пайдаланамыз.
- Балалар, қызыл және қара ермексаздан сәл ғана алсақ жетеді.
- Мынау балапанның тұмсығы, енді көзін жапсырамыз.
- Міне, балалар, көкекке арналған ұя да балапанымен дайын болды.
- Тамаша ұя жасадыңдар! Көкек көктемде келгенде риза болатын болды.

2.4. «Әр құсқа өз орнын тап» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға әр құстың өзі мекендейтін орны туралы түсінік беру; ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның мазмұны: үйшік етіп дайындалған макет ішінде құстардың мекен ететін суреттері көрсетілген, сол суретке сәйкестендіріп, құстардың суреттерін орналастырады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз көкекке арнап не дайындадық?
- Ұяны неден дайындадық?
- Ұяны жасау үшін қанша этап бойынша жұмыс жасадық?

- Ұяны қандай тәсілмен дайындадық?
- Ермексазды неше бөлікке бөлдік?
- Есу дегеніміз не?
- Өруді қалай жасадық?
- Ұяға не жасадық?
- Неше балапан жасадық?
- Көкекке ұя ұнайды деп ойлайсыңдар ма?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, көкекке арналған ұяны керемет жасадыңдар!
- Көкек көктемде келгенде қатты қуанатын болды.
- Балалар, біз көкекке ұяны балапандарымен қосып, дайындап қойдық, солай ма?
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Сикымбекова.К



ЖЕЛКЕНДІ ҚАЙЫҚ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қағазды қос бүктеу тәсілімен таныстыру; ақ қағазды қос бүктеу арқылы желкенді қайық жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Бүктеу", "қос бүктеу", "қайық", "желкенді", "ақ желкен" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, бүктеу, қос бүктеу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, көгілдір түсті картон

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, көгілдір түсті картон

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Балабақшаға таңертең қандай көлікпен келдіңдер?
- Қандай кереметсіңдер, әрқайсың әртүрлі көлікпен келіпсіңдер ғой!
- Балалар, егер көлік болмаса, біз бақшаға жете алмай, әлі жолда келе жатушы едік, солай ма?
- Олай болса, көліктер туралы айтып шаттанайықшы!
- Төрт аяғы дөңгелек (қолдарын сермеп, дөңгелек жасайды),
- Көлік керек адамға (қол білезіктерін айналдырады).
- Зыр еткізіп, дөңгелеп (орындарында тұрып, айналады),
- Жеткізетін қалаға (алақандарын жанына жіберіп жаяды).
- Құстарды озып ұшатын (қолдарын жоғары көтереді),
- Мен зымыран боламын (қолдарымен ирек жасайды).
- Қанат қақпай ұшатын (қолдарын жанына тік ұстайды),

- Мен қайықтай боламын! (қолдарын алдына тік ұстайды)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз бәріміз көлікпен жүргенді жақсы көреміз, солай ма?
- Бірақ көбіне, жер бетінде жүретін көліктерді көп пайдаланамыз.
- Балалар, тағы қандай көлік түрлерін білесіңдер?
- Дұрыс, әуе, жер, су көлік түрлері бар екен.
- Балалар, сендер желкенді қайыққа мініп көрдіңдер ме?
- Балалар, тақтаға қарандаршы, бұл желкенді қайық, солай ма?
- Балалар, желкен дегеніміз - қайықты суда батырмай ұстап тұратын ақ қалың матаның бірнеше кесегінен тігілген кенеп.
- Балалар, осындай желкенді қайық жасағыларың келе ме?
- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар қағаздан бүктеу тәсілі арқылы жасалған желкенді қайық, жасаймыз ба, қайықты?!
- Олай болса, балалар, өзімізге арнап желкенді қайық жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, біз жасайтын желкенді қайықтың суреті, солай ма?
- Балалар, біз осындай желкенді қайықты жасап үйренуіміз керек!
- Желкенді қайық неден жасалған екен?
- Ақ қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ қағазды қолымызға аламыз, алдымызға ұқыптап қоямыз, бүктеу және қос бүктеу тәсілдері арқылы желкенді қайық жасауға дайындаламыз.
- Енді, балалар, жұмысымызды бастамас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Қайық"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Көлде жүзем қайықтай (қолдарын алдына тік ұстап еседі),
- Ақ шағала балықтай (денелерін балық сияқты қозғайды).
- Желмен желкен тербеліп (орындарында тұрып, айналады),
- Қалықтап тұр қорықпай (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға ақ қағазды алып, партаның бетіне көлденең жатқызамыз.
- Енді, балалар, ақ қағаздың екі жақ бұрышын бір-біріне беттестіріп, бүктейміз.
- Балалар, енді тақтаға қараймыз, тақтада желкенді қайықты қалай жасау керектігі көрсетілген.

- Дұрыс бүктеп жатырмыз ба?
- Жарайсыңдар, әдемі бүктедіңдер!
- Балалар, арасында тақтадағы желкенді қайықты қалай жасау тәсілінің суретіне де қарап қойыңдар.
- Балалар, тақтадағы желкенді қайық сендерге дұрыс көрінуі үшін қызыл қағаздан жасалған.
- Енді, балалар, беттестіріп бүктелген қағаздың екі бұрышын тағы да бүктейміз.
- Балалар, қағаздың төменгі жағында артық жолақшаны жоғары бүктейміз.
- Енді оның бұрыштарын ішке қарай бүктеп, жымдастырамыз.
- Балалар, енді қайық бейнесі шығып тұрған қағазды жазып, қайта айналдырып, бүктейміз.
- Төртбұрышты қағаздың бұрыш жақтарын жоғары қарай тағы да бүктейміз.
- Балалар, қолымызда үшбұрыш қағаз пайда болды.
- Енді, балалар, сол үшбұрыштың жоғары жағын ақырын кері тартып, ашамыз.
- Міне, балалар, желкенді қайығымыз дайын болды!
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, желкенді қайығымыз дайын болды.
- Енді, желкенді қайыққа жүзу үшін су жасайық.
- Балалар, суды қандай түстен жасасақ болады?
- Көгілдір түстен жасаймыз.
- Ол үшін көгілдір түсті картон қағазды алып, желкенді қайықты соның үстіне орналастырамыз.
- Балалар, суда желкенді қайық құлап кетпес үшін, қайықтың астына желім-қарындаштан жұқалап жағып, картон қағазға қайтадан жапсырамыз.
- Балалар, желкенді қайық суда жүзіп келе жатыр.
- Енді, қайығымыздың желкені бар, тағы не жетіспей тұр?
- Судың айналасына қоңыр түсті қағаздан жер жасаймыз, ал жасыл түсті қағаздан шөптер жасаймыз.
- Балалар, майда қиындыларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, желкенді қайығымыз да жағаға жақындап қалды.
- Кәне, желкенді қайықтарыңды көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі желкенді қайықтарың!

2.4. «Тез жауап бер» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттардың түстері мен пішіндерін және сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру.

Ойынның шарты: балалар шеңберде тұрады, педагог балаларға допты лақтырады, допты кім қағып алады, сол бала заттың аты мен түсін айтып, допты келесі балаға лақтырады. «Жасыл»- жапырақ, «көк»- аспан, «сары»- күн, «қызыл»- гүл, «ағаш»- отырғыш, «тас»- үй, «темір»- қасық. Балалар ойын ережесін түсінген соң, тапсырманы күрделендіруге болады. Бір сөзбен жауап бермей екі, үш сөзбен жауап беру арқылы балалардың сөздік қорын дамытуға болады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз қағаздан не дайындадық?
- Желкенді қайықты неден дайындадық?
- Желкенді қайықты дайындау үшін қандай тәсіл түрлерін пайдаландық?
- Неге желкенді қайықты ақ қағаздан дайындадық?
- Желкенді қайық жүзетін суды қандай түстен алдық?

- Бүктеу дегеніміз не?
- Қос бүктеуді қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Көлдің айналасына не жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:

- Балалар, желкенді қайықты керемет жасадыңдар!
- Енді желкенді қайықпен ата-аналарыңды алып, суда жүзсеңдер де болады.
- Балалар, үйге барғанда ата-аналарың мен бауырларыңа желкенді қайықты қалай жасау керектігін үйретсеңдер, олар да қуанып жүреді.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Сикымбекова.К



ТОМПАҚ АЮ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дайын үлгідегі аюды қағаздан конус жасап, жапсыруға үйрету; конусты жасау тәсілдерімен таныстыру; аюды жапсыруға деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Конус", "үшбұрыштау", "орау", "қию", "жапсыру", "теңестіру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, бүктеу, орау, теңестіру, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, аюдың дайын бейнесі, қайшы, қоңыр түсті қалың қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық, жабайы аңдар ойыншықтары

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға аюдың дайын бейнесі, қайшы, қоңыр түсті қалың қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай, көңілдісіңдер ғой? Ғажайыптар әлемінде болғыларың келе ме?
- Олай болса, өзімізді ғажайыптар әлемінде жүргендей сезініп, аю болып жүрейікші!

- Қонжықтардай қорбандап жүреміз (қолдарын иіп жанына жібереді),
- Асықпай, аяқты жәй басып (орындарында тұрып, маймаңдайды).
- Аюларша маймаңдап келеміз (шеңбер бойымен маймаңдап жүреді),
- Бөшкемізге бал жинап, тасып (оң қолдарын бөшке ұстағандай иеді).
- Томпаңдап жүріп, біздер келеміз (қолдарымен денелерін томпайтып көрсетеді),
- Орманнан жаңғақ көп тереміз (жерге еңкейеді).
- Теңселеміз оңға бір, солға бір (орындарында тұрып, екі жаққа теңселеді),
- Жан-жаққа қарап біз келеміз (бастарын оң және сол жаққа бұрады)

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, бізде уақыт көп болса, ғажайыптар әлемінде жүре бергіміз келеді, солай ма?
- Бүгін біз тамаша аю болып биледік.
- Олай болса, бүгін біз қағаздан аю бейнесін жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, аю бейнесін бүгін басқаша жасаймыз.
- Сондықтан аю бейнесін жасай береміз бе деп ашулана бермеңдер, жарай ма?
- Қазір ғажайып аю бейнесін жасағанда өздерің таңғалатын боласыңдар!
- Жарайсыңдар, олай болса, тобымызға арнап көп аю жасаймыз.
- Балалар, енді аюды қалай жасаймыз?
- Алдарыңда қоңыр қалың қағаз жатыр, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, конус деп аталады, қайталаймыз бәріміз!
- Олай болса, балалар, алдымен конус жасап алайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бейнебаянға мұқият қарап алайық, біз конусты жасап үйренуіміз керек!
- Конус неден жасалған екен?
- Қағаздан жасалған екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қалың қоңыр түсті қағазды аламыз, алдымызға көлденең қоямыз.
- Тақтаға қараңдаршы, балалар, қағазымыз қалай орналасуы керек?
- Балалар, алдымен конус жасамас бұрын қолымыздағы қағазды қатты майыстырмай, ақырын орап үйренейікші?!
- Енді, дұрыс болды, балалар, қолымызды біраз жаттықтырып алдық.
- Енді, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Томпақ аю"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Томпаңдайсың, талмайсың (қолдарымен денесін томпайтып көрсетеді),
- Менен сірә, қалмайсың (қолдарымен сес көрсетеді).
- Екі жаққа теңселіп (орындарында тұрып, теңселеді),
- Маймаңдауды қоймайсың! (маймақ жүріспен жүреді)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, қағазды орамас бұрын желім-қарындашымыздың қақпағын ашып, дайындап қояйық.
- Енді қолымызға қағазды алып, менімен бірге бір бұрышынан бастап ораймыз.

- Ол үшін, балалар, конустың ұшы үшкір болуына мұқият қараңдар!
- Қағазды қолымызбен орадық, енді орау қағазы бітейін дегенде қолымызға желім-қарындашты алып, сол жерге ұқыптап желім жағамыз және қағаздың үстінен басып, жабысуын қадағалаймыз.
- Конусымыз пайда болды, енді қолымызға қайшы алып, конустағы қағаздың артығын мұқият қиямыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, конустарың әдемі болды!
- Балалар, арасында бейнебаянға да қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, екінші қоңыр қағазды аламыз.
- Балалар, қағаздың түссіз жағына конусты қойып, қарындашпен айналдыра белгілеп аламыз.
- Енді конустың астыңғы жағына желім жағып, өздерің белгілеген жапсырамыз.
- Балалар, конус сәл жабыссын, қолдарыңды қимылдатып алуларыңа болады.
- Енді қолымызға қайшыны алып, конустың астыңғы айналасын ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Конусқа жабысатын жердегі қағазды ұқыптап қиямыз, енді қолымызға желім-қарындашты алып, сол жерге ұқыптап жағып, жапсырамыз.
- Жарайсыңдар, конустар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Осы конусқа аюдың бейнесін жапсыру керек.
- Ол үшін конусымызды әрірек қоямыз, енді қолымызға аюдың бейнесін аламыз.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, конусымыз дайын, енді аюдың бейнесін әдемілеп жапсыруымыз керек.
- Енді, біз аю бейнесін конусқа қалай жапсырамыз?
- Дайындаған конусызды қолымызға аламыз.

- Балалар, аюды конусқа жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Мына суреттегі аюлар сияқты әдемі жапсыруымыз керек.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Конусқа аю бейнесін жапсырғанда бірден жабысуына көңіл бөлеміз.
- Енді, аюдың бейнесін сол қолымызға ұстап, оң қолымызбен аю бейнесінің жабысатын жағына желім жағамыз.
- Оң қолымызға конусты ұстап, сол қолымызбен аюдың бейнесін конусқа жапсырамыз.
- Балалар, енді аю бейнесі конусқа жабысқанша күтеміз.
- Міне, балалар, конустағы аюымыз да дайын болды.
- Кәне, аюларыңды жоғары көтеріп, көрсетіндерші?
- Қандай әдемі аю пайда болды!

2.4. «Ненің төлі жоқ?» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды жабайы аңдарды ажырата білуге және олардың төлдерін атай білуге үйрету; жабайы аңдарға қамқор бола білуге тәрбиелеу.

Ойынның ережесі: жабайы аңдар ойыншықтары үстел үстінде тұрады. Балалар ойыншықтарды мұқият қарап алады. Педагогтің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде педагог жабайы бір аңның төлін тығып тастайды. Педагог ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз ненің бейнесін жасадық?
- Аюдың бейнесін неден дайындадық?
- Аюдың бейнесін жапсыру үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Аюдың бейнесін конусқа қалай жапсырдық?
- Конус дегеніміз не?
- Конусты қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Конус қалай пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:

- Балалар, біз әлі ғажайыптар әлемінде отырмыз ғой!
- Жасаған аюымызға ойыншықтар қатты қуанатын болды.
- Балалар, конус дегеніміз не?
- Конустан не пайда болды?
- Керемет, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Сикымбекова.К



МЕНИҢ ОТАНЫМ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қарындаштарды пайдаланып, коллаж бояуға үйрету; Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; командамен жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс

"Менің Отаным", "коллаж", "команда", "бояу" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, бояу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, суреттің бояусыз дайын бейнесі, түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, ұштағыш

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті қарындаштар, өшіргіш, ұштағыш

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, біздің мемлекетіміз қалай аталады?
- Қазақстан Республикасы деп аталады!

- Балалар, мына суретке қараңдаршы, біздің өлкеміздің табиғаты қандай керемет!
- Олай болса, мемлекетіміздің тәуелсіздігіне арнап, ризашылығымызды бідірейікші!
- Тәуелсіздік күні көкте (қолдарын жоғары көтереді).
- Күлімдейді нұрын шашып (алақандарын жанына жіберіп жаяды).
- Жайна мәңгі, өрлеп көкке (орындарында тұрып, айналады),
- Есігіңді айқара ашып! (қолдарын жоғары көтереді)
- Енді, балалар, қазір ойналатын музыка әуенімен шеңбер бойымен жүре отырып, қуанышты көңіл-күйімізді білдірейік!

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз өз мемлекетіміз үшін мақтанамыз, солай ма?
 - Бүгін біз өз мемлекетімізді тәуелсіздігімен құттықтап, би биледік.
 - Олай болса, балалар, бүгін біз өз мемлекетімізге арнап, коллаж жасасақ, қалай қарайсыңдар?
 - Балалар, коллаж дегеніміз не?
 - Коллаж - бірнеше адамдардың бірлесе отырып, бір үлкен шығарманы дайындауы.
 - Коллажды балалар, көбіне жапсыру тәсілдері арқылы орындайды.
 - Бірақ, біз алғаш рет жасағалы отырғандықтан, коллажды түрлі-түсті қарындаштармен жасаймыз.
 - Балалар, енді коллажды қалай жасаймыз?
 - Алдымен тақтаға назар аударайық.
-
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
 - Бұл, балалар, өздерің сияқты балалардың жасаған коллажы.
 - Балалар, біз бүгін осындай коллажды бәріміз біріге отырып, жасауымыз керек.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
-
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
 - Балалар, мына суретке мұқият қарап алайық, біз осы суреттің боялмаған түрін бояп, жасауымыз керек.
 - Тақтада қандай сурет көріп тұрсыңдар, сол суреттегі бояу түрлерін пайдаланамыз.
 - Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
 - Олай болса, коллаждың төрт бөлігіне төрт команда келеді.
 - Тақтаға қараңдаршы, балалар, коллаж қағазымыз қалай орналасуы керек?
 - Балалар, коллажға әркім өз бояуларымен келеді.
 - Енді, дұрыс болды, балалар.
 - Енді, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?! "

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Отаным"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Оттан ыстық Отаным (қолдарын жоғары көтереді),
- Биік сенің мәңгі атың! (қолдарын жүрек тұстарына қояды).
- Отаным деп мақтанам (қолдарын жоғары көтереді),
- Асыр салып шаттанам! (орындарында тұрып айналады)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, коллажда қандай бейнелерді көріп тұрсыңдар?
- Иә, коллаждың ортасында еліміздің Елтаңбасы мен Туы және Бәйтеректің суреті бар екен.
- Бұл жерге балалар, бір команда екіге бөлініп, екі жақтан келіп, бояуға кіріседі.
- Келесі команда коллаждың сол жағындағы төменгі бөлікке келеді, ол жерде атты құсбегінің, қыранның және иттің суретін бояйсыңдар.

- Келесі команда коллаждың сол жақ бөлігінің жоғары жағына келесіндер, ол жерде таудың бөктері, киіз үй, қазан-ошақ бар, сол жерді бояйсыңдар.
- Енді, келесі команда коллаждың оң жақ бөлігіне келесіндер. Ол жерде Ақорданың бейнесі бар, соны ұқыптап бояйсыңдар.
- Балалар, арасында тақтадағы коллажға да қарап қойыңдар.
- Енді, балалар, жұмыс басталды.
- Балалар, бір-бірімізге кедергі жасамай, әдемі, әрі ұқыпты бояймыз.
- Мен барлық командалардың жұмысын қадағалап отырамын.
- Балалар, тақтадан қандай бояумен бояу керектігін қарап алуларыңа болады.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі бояуға тырысамыз.
- Бірінші команданың жұмысы жақсы боялып жатыр.
- Екінші команда да жарайсыңдар, жұмыстарың тамаша болып келе жатыр!
- Енді, үшінші команда не істеп жатыр екен? Жақсы.
- Ал, төртінші команда ше? Жарайсыңдар!
- Балалар, жұмыстарың жақсы боялып жатыр.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, жұмысымыз дайын болып қалды.
- Енді, әр команда боялмай қалған жерлер жоқ па, ұқыптап тексеріп отырамыз.
- Балалар, тағы да тақтадағы коллажға қараймыз.
- Коллаждағы әрбір боялатын бөлік пен бөлшекті мұқият қадағалауымыз керек.
- Балалар, тақтадағы коллажға және өздерің бояп жатқан коллажға мұқият қарап алыңдар.
- Екі коллажды салыстырамыз.
- Ештеңе боялмай қалып қойған жоқ па?
- Әр команда өздерің бояған жерді тақтадағы коллажбен мұқият салыстырып, тексереміз.
- Балалар, бәрі дұрыс па, тексеріп болдыңдар ма?
- Міне, балалар, коллажымыз да дайын болды.
- Кәне, төрт команда төрт жағынан ұстап, жоғары көтеріп, көрсетіндерші?
- Қандай әдемі коллаж болды!

2.4. "Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды заттың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету; көз мөлшерін дамыту және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Ойынға қажетті құралдар: ұсақ заттар

Ойынның барысы: балалар екі командаға бөлінеді, оның әрқайсысы алма кезек педагогтің үстеліне өз топ басшысын жібереді. Үстел басына келген бала қолын артына ұстайды. Алдымен педагог, одан соң балалардың бірі оның қолына кубик, түйме, шарик секілді әртүрлі ұсақ заттарды ұстатады, бірақ, ұсақ заттар, олар бір қолда көп, екіншісінде аз болуы тиіс. Бала алдымен көз мөлшерімен заттың қай қолында көп екенін анықтауы, одан кейін заттарды бірінің артына бірін қойып, қайсысының қатарында көп, қай қатарда аз екенін салыстыруы тиіс.

Педагог екі қатардағы заттардың санын теңестіру үшін не істеу керектігін айтуы (екі тәсілмен орындалатынын) керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз нені боядық?
- Коллажды неден дайындадық?
- Коллаж дегеніміз не?
- Қанша командамен жұмыс жасадыңдар?
- Ненің бейнесін боядыңдар?
- Коллажды не үшін дайындадық?
- Коллаж қалай аталды?
- Коллажбен жұмыс жасаған ұнады ма?
- Қандай әсер алдыңдар?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:

- Балалар, ""Менің Отаным"" тақырыбындағы коллажды керемет жасадыңдар!
- Өз мемлекетімізді қалай жақсы көретіндеріңді коллаж арқылы көрсеттіңдер, жарайсыңдар!
- Балалар, енді бұл коллаж сендердің тамаша еңбектеріңнің бірі ретінде тобымызда ілулі тұрады.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова А.



ӘДЕМІ ПИМА

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды дайын үлгідегі пиманы әшекейлеуге үйрету; бүктеу тәсілі арқылы әшекейлеу түрлерімен таныстыру; әдемі пиманы жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Пима", "жылы", "әдемі", "әшекейлеу", "жапсыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, көрсету, бүктеу, әшекейлеу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, пиманың дайын бейнесі, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық, әртүрлі мимикадағы балалардың суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға пиманың дайын бейнесі, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, қарындаш, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал

— Балалар, Жаңа жыл алдындағы көңіл-күйіміз жақсы, солай ма? Айналамызда көңіл-күйі көтеріңкі, жақсы адамдардың болғанын бәріміз ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге Жаңа жыл алдында жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!

- Кел, балалар, күлейік!
- Күлкіменен түлейік!
- Күлкі- көңіл ажары !
- Күліп өмір сүрейік!
- Жаңа жылда жаңарып,
- Жаңа сыйлық алайық!
- Күлкіменен халайық,
- Көңіл ашып алайық!
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, Жаңа жыл жақындап қалды, солай ма?
- Олай болса, балалар, сендер Жаңа жылда кімге қандай сыйлық беретіндерің жөнінде ойландыңдар ма?
- Балалар, бәріміз бірігіп, Жаңа жылға арналған сыйлық жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Содан кейін сол сыйлықтарыңды үйге апарып бересіңдер, үйде сыйлықтарың кімге ұнайды, сол адамға сыйға бересіңдер, жарай ма?
- Балалар, қазір қыс айында қандай сыйлық жасасақ болады?
- Жарайсыңдар, олай болса, бәріміз әдемі пима жасаймыз.
- Балалар, енді пиманы қалай жасаймыз?
- Пиманың не екенін білесіңдер ме?

- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, пима, қайталаймыз бәріміз!
- Олай болса, балалар, осындай әдемі пиманы әшекейлеуіміз керек.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл әшекейленбеген пима.
- Балалар, пима неден жасалған екен?
- Пима жүннен жасалған екен.
- Балалар, жүннен жасалған пима аяққа өте жылы болады.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?

- Олай болса, балалар, бәріңнің алдында пиманың осындай үлгісі бар.

- Тақтаға қарандаршы, балалар, пималар әсем әшекейленген, солай ма?
- Балалар, алдарыңда түрлі-түсті қағаздар бар, пиманы әшекейлеу үшін алдымен қандай пішіндер дайындасақ болады, соларды дайындап үйренейікші?!
- Балалар, пиманы қандай пішіндермен әшекейлейміз?
- Әдемі қар пішіндерімен әшекейлегілерің келе ме?
- Олай болса, жұмысымызды әрі қарай жалғастыrmас бұрын денеміз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Пима"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Әшекейлеп пиманы (қол білезіктерін айналдырады),
- Киіп алдым аяққа (аяқтарын көрсетеді).
- Мұндай жылы пиманы (орындарында тұрып айналады),
- Тек киеді аяққа! (аяқтарын өкшеге қояды)
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, алдымыздағы қағаздан көгілдір түсті қағазды алып, ортасынан екі бөлікке бөлеміз.
- Енді бір бөлігін қолымызға алып, екі қарама-қарсы бұрышын бір-біріне қосып, бүктейміз.
- Енді, балалар, бүктелген қағаздан артығын қиып тастаймыз.
- Қолымыздағы қағазды тағы да бүктейміз, енді қолымызға қайшыны алып, бұрышынан сол қолымызбен ұстап, оң қолымызға қайшыны алып, өзімізге ұнайтын қар пішіндерін қиямыз.
- Міне, әдемі қарымыз да пайда болды, енді тағы да осындай тәсілмен көгілдір түсті қағаздың екінші жартысынан қардың екінші түрін дайындаймыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, қарларың әдемі болды!
- Енді, балалар, тағы қандай пішін дайындаймыз?
- Жарайсыңдар, балалар, шырша дайындап аламыз.
- Енді жасыл қағазды аламыз.
- Тағы да бүктеу тәсілімен қағазды екі бөлікке бөлеміз.
- Жасыл қағаздың бірінші бөлігін екіге бүктеп, қолымызға қайшыны алып, жасыл қағаздың айналасын шырша сабақтары шығатындай ұқыптап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Енді қағазымызды ашып қараймыз, қандай шырша шықты екен?
- Жарайсыңдар, шыршаларың дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Осы қиындылармен пиманы әшекейлеу керек.
- Балалар, ойланыңдаршы, бізге тағы да қосымша пішіндер керек пе?

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, пимамыз дайын, енді пиманы әдемілеп әшекейлеуіміз керек.
- Бізде әшекейлеу үшін көгілдір түсті қар, жасыл түсті шырша бар, басқа түстерден тағы не дайындасақ болады?
- Балалар, қызыл және сары түстен шыршаға ілетін ойыншықтар дайындайық.
- Балалар, қызыл және сары түсті қағаздан өздерің ойыншықты қия аласыңдар, кәне, маған өздерің ойыншықтарды қалай қиятындарыңды көрсетіңдерші?!
- Тамаша, міне, өздерің менің көмегімсіз ойыншықтарды қидыңдар!
- Балалар, енді тақтаға қарайықшы?!
 - Мына суреттегі пима сияқты дайындаған пішіндерімізді әдемі жапсыруымыз керек.
 - Балалар, қолымызға пиманың пішінін аламыз.
 - Енді, пиманың пішінін алдымызға қойып, өзіміз дайындаған шыршаның боясыз жағына желім жағамыз, пиманың пішініне жапсырамыз.
 - Жапсырған шыршаны өздерің дайындаған ойыншықтармен әшекейлейсіңдер.
 - Балалар, енді шыршаның айналасына дайын қарларды жапсырамыз.
 - Міне, балалар, әшекейлі пимамыз да дайын болды.
 - Кәне, пималарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
 - Қандай әдемі пималар пайда болды!

2.4. «Біздің көңіл-күйіміз» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды сурет бойынша бет әлпет ымы мен мимикаға байланысты көңіл-күйді ажырата білуге үйрету. Көңіл-күйді бейнелейтін сөздерді дұрыс айтқызу. Сол көңіл-күйді мимикамен өздері сала білуге жаттықтыру.

Ойынның көрнекілігі: әртүрлі мимикадағы балалардың суреттері

Ойынның барысы: Балалар суреттегі бет-әлпеттің мимикасына қарап, сөйлем құрастырады. Оның ішінен бет-әлпеттің мимикасын білдіретін сөздерді бөліп айтады. Әртүрлі көңіл-күйді білдіретін сәттерді салу.

- Күліп тұрған бала
- Ренжіп тұрған бала
- Аузын ашып тұрған бала

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз нені әшекейледік?
- Пиманы әшекейлеу үшін не дайындадық?
- Пиманы әшекейлеу үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Әшекейлеуге арналған пішіндерді қандай түстерден дайындадық?
- Пима дегеніміз не?
- Пима неден жасалады?
- Қазір пиманы кие ме?
- Қазір пиманы неге кимейді?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:

- Балалар, Жаңа жылға арналған пиманы керемет жасадыңдар!
- Енді әшекейлі пиманы үйлеріңе сыйлық ретінде ұялмай апарсаңдар да болады.
- Балалар, өздерің жасаған пимаға қараңдаршы, шынымен әдемі емес пе?
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова А.



ҰЛПА ҚАРЛАР

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды жұмсақ қағазды шашақтау тәсілімен таныстыру; шашақтау тәсілі арқылы ұлпа қарлар жасауға үйрету; ұлпа қарларды жапсыруға деген қызығушылықтарын ояту.

Сөздік жұмыс

"Үшбұрыштау", "бүктеу", "шашақтау", "майдалап шашақтау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, шашақтау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, көгілдір түсті картон қағаз, ақ жұмсақ майлық қағазы, қайшы, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға көгілдір түсті картон қағаз, ақ жұмсақ майлық қағазы, қайшы, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Демалыс күндері қармен ойнадыңдар ма?
- Қардың пайдасы көп, солай ма, балалар? Бірақ, қардың зиянды жақтары бар екенін де естен шығармауымыз керек.
- Олай болса, қар туралы әуенге тербелейікші!

- Қар жауды, қар жауды (қолдарын жоғары көтереді),
- Бақытты бала-шаға (қол білезіктерін айналдырады)
- Қар қызы, қар қызы (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Ақшақарды жасайды! (орындарында тұрып, айналады)
- Алтын шашты сүйкімді (қолдарын жоғары көтереді),
- Ақша қар күн секілді (қолдармен күн бейнесін көрсетеді).
- Алтын шашты сүйкімді (қол білезіктерін айналдырады),

- Ақша қар күн секілді! (қолдармен күн бейнесін көрсетеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, сендер бәрің қармен ойнағанды жақсы көресіңдер, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз ұлпа қарлар жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, қардан басқа не жасайсыңдар?
- Барлық бала аққала жасағанды жақсы көреді.
- Балалар, қар лақтырысып ойнағанды да жақсы көресіңдер, солай ма?
- Жарайсыңдар, онда балалар, жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін жасаймыз.
- Балалар, неге аққала жасамаймыз дейсіңдер ме?
- Себебі, қар жаумаса, аққаланы қалай жасар едіңдер?
- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Кімнің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар қармен ойнап жатыр!
- Суреттегі жауып жатқан қарға назар аударыңдаршы?!
- Ұлпа, әдемі қарлар жауып жатыр, солай ма?
- Олай болса, балалар, ұлпа, әдемі қарлардың жауғанын біз де бейнелеп берейік.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Міне, балалар, біз ақ жұмсақ майлық қағаздан осындай ұлпа қарлардың жауғанын көрсетуіміз керек!
- Ұлпа қарлардың өрнектері бір-біріне ұқсамайды екен, солай ма, балалар?
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, ақ жұмсақ майлық қағазды аламыз, ақ жұмсақ майлық қағаздың бүктелген жерін ашамыз, енді сол бүктелген жерден қайшымен қиямыз, ақ жұмсақ қағаз төрт бөлікке бөлінді.
- Балалар, қолымыздағы ақ жұмсақ майлық қағазда қандай пішін пайда болды? Шаршы пайда болды.
- Енді, балалар, ұлпа қарды жасауға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Ұлпа қарлар"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Ұлпа қарлар жауады (саусақтарының басын қимылдатады),
- Әдемі өрнек салады (саусақ бастарын дөңгелектейді).
- Ақ көбелек ұшқандай (қолдарымен қанат жасайды),
- Әдемі әсер қалады (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға жаңағы ақ жұмсақ майлық қағаздың бөліктерін алып, тағы да бүктейміз.
- Ол үшін, балалар, қалай бүктейміз, маған қараңдар!
- Бүктелген қағазды жазамыз, бүктеген жердің ізін көріп тұрсыңдар ма?
- Қағазды сол қолымызбен ұстаймыз, ал қайшыны оң қолымызбен ұстап, бүктеу түскен жерді мұқият қиюға тырысамыз.
- Дұрыс қиып жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қайшы мен қағазда болады.
- Жарайсыңдар, бөлшектерің әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы қардың суретіне де қарап қойыңдар.

- Балалар, тақтаға қарасаңдар, ұлпа қарларды түрлі-түсті ақ жұмсақ майлық қағаздан да жасауға болады екен.
- Бірақ, балалар, бізге аппақ ұлпа қар керек, солай ма?
- Енді, балалар, өзіміз бөлген ақ жұмсақ майлық қағазды тағы да біреуден бүктеп, сол қағазды шашақтап қиямыз.
- Балалар, қағазды қалай шашақтап қиямыз, маған қараймыз?
- Үшбұрыштап бүктелген қағаздың бұрыш жағынан сол қолымызбен ұстап, оң қолымызбен ақ жұмсақ қағазды ұқыптап, шашақтап қиямыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз. Барлық қағазды осындай шашақтау тәсілімен қиып шығамыз.
- Жарайсыңдар, ұлпа қарлар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Бәріңде көгілдір түсті картон қағаз бар, енді дайын ұлпа қарларымызды сол картон қағазға мұқият жапсыруымыз керек.
- Ол үшін желім-қарындаштың қақпағын ашып, дайындап қоямыз.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, қайшымен жұмыс жасап болдық, қайшыны орнына қоямыз.
- Енді, біз желім-қарындашпен картон қағазға ұлпа қарларды жапсырамыз.
- Балалар, шашақталған қарларымыздың орта тұсына желімді жұқалап жағамыз, содан кейін картонға ұқыптап жапсырамыз.
- Дайындаған ұлпа қарларымыздың бәрін жапсырамыз.

- Балалар, барлығыңның қарларың тақтадағыдай болды ма?
- Картон қағаз бетінің барлық жеріне бірдей ұлпа қарларды жапсырамыз, барлық қарды бір жерге жабыстырмаңдар.
- Балалар, далада қар жауған кезде барлық жерге тегістей жауады, солай ма?
- Ұлпа қарлар жапсырылып бітті, қазір мен жұмыстарыңды тексеремін.
- Міне, балалар, ұлпа қарлар да дайын болды.
- Кәне, ұлпа қар жапсырылған қағаздарыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі ұлпа қарлар!

2.4. «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білуге үйрету және табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін кеңейту.

Ойынның көрнекілігі: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер

Ойынның барысы: балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір-бірінен

айырмашылығын айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында балалар табиғат құбылыстарының қасиеттерін айтып берулері керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, біз бүгін не жасадық?
- Ұлпа қарларды неден дайындадық?
- Ұлпа қарларды жасау үшін қандай пішін дайындадық?
- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Ақ жұмсақ қағаздың шетін қалай қидық?
- Қалай шашақтадық?
- Шашақты қалай жасадық?
- Немен жасадық?
- Ұлпа қарды қайда жапсырдық?
- Ұлпа қарды қалай жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:

- Балалар, қармен ойнағанды қалай жақсы көретіндеріңді дәлелдедіңдер!
- Ұлпа қарларың өте әдемі шықты, өздерің жұмыстарыңа қараңдаршы, кім айтады менің қарларым әдемі емес деп?
- Жарайсыңдар, балалар, кешке ата-аналарың келгенде сендерді мақтайтын болдым.
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова А.



ТОРҒАЙ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қағазды жұлмалау тәсілімен таныстыру; қатты қағазға жұлмалау тәсілі арқылы торғайдың бейнесін жасауға үйрету; жұлмалау тәсіліне деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жұлмалау", "жұлу", "майдалау", "майдалап жұлу", "дөңгелек", "сопақша", "таяқша" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Қамқорлық шеңбері, түсіндіру, көрсету, жұлмалау, жұлу, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, құс бейнесі салынған картон қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, зообақ макеті, жабайы аңдар мен үй жануарлары суреттері

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға құс бейнесі салынған картон қағаз, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Қамқорлық шеңбері

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Бәріміз құстар сияқты қанатымызды кеңінен жаяйықшы?!
- Балалар, қыс кезінде далада құстарды көргендерің бар ма?
- Күн қатты суық болғанда құстар да жылы жер іздеп, суыққа шықпауға тырысады.
- Балалар, қыстың суығында тоңып, азық іздейтін кішкентай достарымызға біз де қамқорлығымызды білдірейікші?!
- Суық қыстан қорқатын (қолдарын жоғары көтереді),
- Тек абайлап ұшатын (қол білезіктерін айналдырады)
- Нәзік біздің құстарға (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Біз қамқоршы болатын! (орындарында тұрып, айналады)

- Аялайық құстарды (қолдарын жоғары көтереді),
- Қос қанатты құстарды (қолдарымен қанат жасайды).
- Бүгін суық болды да (қолдармен суық бейне көрсетеді),
- Ешқандай құс ұшпады! (орындарында тұрып, айналады)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз құстарға әсіресе, қыста қамқоршы болуымыз керек, солай ма?
- Қандай қыстайтын құстарды білесіңдер?
- Балалар, қыстайтын құстар саны да көп, бірақ, қатты суық кезінде құстардың ешқайсысын кездестіре алмаймыз.
- Сондықтан балалар, қыстайтын құстарға да арнап, торғайдың бейнесін жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, қыста торғайларды күн жылы болса, көп кездестіруге болады.
- Балалар, тақтаға қарайықшы?
- Тақтадан ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Қардың үстінде тұрған торғайдың суреті, солай ма?
- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, мейірімді адамдар қыста құстарға арнап, осындай жемшашар дайындайды?!
- Олай болса, балалар, біз де торғайдың бейнесін жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл біз бүгін бейнесін жасайтын торғайдың суреті.
- Торғайдың суреті түрлі-түсті бояумен әдемі салынған, солай ма, балалар?
- Торғайдың суретінде қандай түстер қолданылған, тура сондай түсті қағаздан торғайдың бейнесін жасауымыз қажет.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қатты қағазды аламыз, бәріңнің қолыңдағы қатты қағазда торғайдың бейнесі бар.
- Балалар, тақтада торғайдың суреті қалай тұр, қолымыздағы қатты қағазды сондай жағдайда алдарыңа қоясыңдар.
- Енді, балалар, жұмысқа кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Торғайлар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Томпақ торғай ұшады (қолдарын қанатша сермейді),
- Жемшашарды айналып (саусақ бастарын айналдырады).
- Суық күннен қашады (орындарында тұрып, айналады),
- Тығылады жайланып (жерге отырады).

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді тақтадағы суретке қарай отырып, алдымыздағы торғайдың бейнесін түрлі-түсті қағазды жұлу немесе жұлмалау тәсілі арқылы безендіреміз.
- Ол үшін, балалар, жұлмалау тәсілін қалай жасаймыз, маған қараңдар!
- Өздеріңе қажетті түрлі-түсті қағазды сол қолымызға ұстап, оң қолымызбен қағазды ұсақтап немесе үлкенірек көлемде жұламыз.
- Кәне, бәріміз менімен бірге қолымыздағы қағазды жұлмалайық.
- Дұрыс, жақсы жұлмалап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы қағазда болады.
- Жарайсыңдар, жұлмаларың әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы торғайдың суретіне де қарап қойыңдар.
- Енді, балалар, алдымен торғай тұрған аяның (фонның) түсі қандай, соны анықтап аламыз.
- Балалар, торғай тұрған аяның (фонның) түсі қандай? Сары, ақшыл сары екен.
- Енді қолымызға сары қағазды алып, жұлмалай бастаймыз, жарайсыңдар.
- Балалар, енді жұлмаланған қағазды қатты қағазға қалай жапсырамыз, маған қараймыз?
- Жұлмаланған сары қағазға желімді ұқыптап жағамыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі жапсыруға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, торғай тұрған ая (фон) дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Торғай қонақтап тұрған ағашты безендіріп аламыз.
- Ол үшін қоңыр түсті қағазды алып, ұсақтап жұлмалаймыз, енді сол жұлмаларды ағашқа мұқият жапсырамыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, енді біз торғайды безендіреміз.
- Торғайды безендіру үшін сұр, ашық қоңыр, қоңыр, ақшыл сары, қара түсті қағаздарды пайдаланамыз.
- Алдымен ақшыл сары түсті қағазды жұлмалап алайық.
- Дайындаған ақшыл сары түсті қағазды торғай бейнесіне жапсырамыз.
- Енді сұр түсті қағазды жұлмалап аламыз.
- Балалар, жұлмаланған қағаздарды жапсыру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Келесі кезекте ақшыл қоңыр түсті қағазды алып, үлкенірек етіп жұлмалаймыз.
- Бұл торғайдың қанаты болады. Осы жерде торғайдың құйрығын да жапсырайық.
- Торғайдың денесі жапсырылып бітті, енді торғайдың басы мен тұмсығы және аяғы қалды.
- Ол үшін өздерің дайындап отырған әртүрлі қағаз жұлмалары бар, соларды пайдаланамыз.
- Балалар, майда жұлмаларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, сүйкімді торғайымыз да дайын болды.
- Кәне, сүйкімді торғайларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі торғай болды! Қыстайтын құстар сендерге риза болатын болды.

2.4. «Зоологиялық фриздер» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларда антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру; заттың көлеміне қарап

салыстырып, талдау жасауға үйрету; жабайы аңдар мен үй жануарлары және құстардың дене бітіміне қарап, зообаққа орналастыру тәртібіне баулу; оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Ойынның көрнекіліктері: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойынның барысы: зообаққа әкелінген аңдар мен құстар және үй жануарларын көлеміне қарай торларға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян мен тиінді кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни, піл үлкен, қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырдым деп әрекетін сөзбен дәлелдеуі керек.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз ненің бейнесін жасадық?
- Торғайдың бейнесін неден жасадық?
- Торғайдың бейнесін қандай тәсіл арқылы дайындадық?
- Алдымен торғайдың қай дене мүшесін дайындадық?
- Қандай түстерді пайдаландық?
- Жұлмалау дегеніміз не?
- Жұлмалауды қалай жасадық?
- Жұлмалауды немен жасадық?
- Жұлмаланған қағазды қайда жапсырдық?
- Жұлмаланған қағазды жапсырғанда ненің бейнесі пайда болды?
- Жұлмалау тәсілі ұнады ма?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог:

- Балалар, қыстайтын құстар сендерге қатты риза болатын болды!
- Жасаған торғайларың өте әдемі!
- Далаға серуенге шыққанда торғайдың бейнесін алып шығып, басқа торғайларға көрсетеміз.
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова А.



ҚАМШЫ ӨРУ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды қамшымен таныстыру; таяқша мен үш түсті жіпті пайдалана отырып, қамшы өруге үйрету; өруге деген қызығушылықтары мен қазақтың ұлттық қамшысына жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Қамшы", "таяқша", "үш түсті жіп", "өру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, көрсету, өру, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, қыстырғыш, өруге арналған тақтайша, таяқша, қамшы, үш түсті жіп, әртүрлі мамандықтар суреттері, қамшы туралы суреттер

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Өр балаға өруге арналған тақтайша, қыстырғыш, таяқша, үш түсті жіп

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Топтағы қамшыны көріп таңғалып жатырсыңдар ма?
- Қамшының не екенін білесіңдер ме? Қамшы да қасиетті ұлттық құралдың бірі болып табылады.
- Қамшы жасайтын кәсіп иелері де оның қасиетін білетіндіктен осы кәсіппен айналысады.
- Олай болса, осындай кәсіп иелеріне де бас иіп, ризашылығымызды білдірейікші!
- Кәсіп қылсаң, талаптан (қолдарын жоғары көтереді),
- Келсе өнер, қанаттан! (қол білезіктерін айналдырады)
- Барлық кәсіп иесі (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Жаралған жоқ ғайыптан! (орындарында тұрып, айналады)
- Қамшы жасау өнер ме? (қолдарын жоғары көтереді),
- Барлық ынта өнерде (қолдарымен ирек жасайды).
- Бас иеміз кәсіпке (иіліп, тәжім етеді),

- Жасаған қамшы өмірде! (қолдарын жоғары көтереді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, кәсіп дегенді қалай түсінесіңдер?
- Белгілі бір сала бойынша қызмет ететін маман екен, солай ма?
- Балалар, қандай кәсіп иелерін білесіңдер?
- Атай берсек, кәсіп түрлері өте көп екен, солай ма?
- Балалар, сендер қамшы жасайтын кәсіп иесі туралы естідіңдер ме?
- Қамшы жасайтын адамды шебер деп атайды.
- Қамшы — атқа мінген адам ұстайтын, бірнеше таспа қайыстармен көмкеріліп, өрілген, сабы тобылғыдан, ырғайдан, аңдардың тұяғы, мүйіздерінен жасалған атты айдап жүргізетін құрал. Қамшының өрімі сабынан бір жарым еседей ұзын болады. Қамшы құрал болумен қатар қару ретінде қолданылған.
- Балалар, сендердің үйлеріңде қамшы бар ма?
- Қамшы қазақтың ырымы бойынша кез-келген үйде болуы керек, солай ма, балалар?
- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл қамшы! Осындай қамшыны жасағыларың келе ме?
- Олай болса, балалар, шебер болмасақ та қамшы жасап көрейік.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Шебер қамшыны өріп жатыр, бұл қамшыны өрудің ең қарапайым түрі, осындай қамшыны өріп үйренуіміз керек!
- Қамшыны неден өріп жатыр екен?
- Теріден өріп жатыр екен, теріден өрілген қамшы мықты болады, әрі ұзаққа шыдайды.
- Балалар, мына менің қолымдағы қамшыны бәрің ұстап көрулеріңе де болады, қалай ұнады ма?
- Бұл қамшының суреті тақтада да бар.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қолымызға қыстырғышты аламыз

қыстырғыш партаның бас жағына бекітіледі, жіңішке таяқшамыздың басына үш түрлі жіпті

берік байлап, қыстырғышпен қыстырамыз.

- Балалар, қолымызды абайлаймыз, қыстырғышты сақ болып, пайдаланыңдар?
- Енді, балалар, қамшыны өруге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Шебер"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Шебер болам атақты (саусақтарының басын қимылдатады),
- Қамшы өретін теріден (саусақтарын қайшылайды).
- Менің атам атақты (саусақтарының басын желімдей ұштайды),
- Шыққан осы өңірден (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға өруге арналған тақтайшаны аламыз.
- Тақтайшадағы жіптерді қалай өреміз, балалар, маған қараңдар!
- Балалар, біз алдымен қамшыны өрмес бұрын, тақтайшадағы жіптерді өруді үйреніп алуымыз керек.
- Тақтайшада бес түрлі жіп бар, сол жіптердің қай түсі сендерге ұнайды, сол түстерден өруді бастайсыңдар.
- Балалар, тақтаға қарайықшы, жіптер қалай өріліп жатыр екен!?
- Дұрыс өріп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы тақтайда болады.
- Жарайсыңдар, өрімдерің әдемі болды!
- Енді, балалар, тағы да өрілген жіптердің өруін жазып, жіптерді тағы да өреміз.
- Балалар, алдарыңда қандай түсті жіптер бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Енді өздерің қамшыны қай түстен өргілерің келеді, сол жіпті пайдалануға болады.
- Балалар, жіпті қалай өреміз, маған қараймыз?
- Түрлі-түсті жіптерің бар, сол жіптермен өру тақтайшасының түгел бетін алып, өрсеңдер де болады.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі өруге тырысамыз.
- Жарайсыңдар, тақтайшадағы өрімдер дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Қамшы өруді бастауымыз керек.
- Ол үшін қыстырғыштағы үш түсті жіпті аламыз, енді сол жіптерді өре бастаймыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, өруді қалай жалғастырамыз, қолымыздағы таяқшаны орай отырып, үш түрлі жіпті кезек кезек айналдырып, өреміз.
- Алдымен таяқшаға бір жіпті ораймыз, содан кейін екінші жіпті ораймыз, екінші жіптен кейін үшінші жіпті ораймыз.
- Таяқша бойымен жүрген сайын жіптерді кезек орап отырамыз.
- Балалар, таяқшаның үстінен жүріп өттік, бұл қамшының сабы, енді бізге құр жіптерден қамшының басын өруіміз керек.
- Балалар, жіптерді өру үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Үш түрлі жіпті саусақтарымызбен алмастыра отырып, өреміз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан өру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Жіптерді ұзыннан ұстай отырып, тегіс өрілуіне көңіл бөлеміз.
- Жіптер өріліп бітті, енді жіптердің басын ажырап кетпес үшін түйеміз.

- Ол үшін екі жіпті қатар ұстап отырып, үшінші жіпті сол жіптердің арасымен көлденең жүргізіп, бекітеміз.
- Міне, балалар, өрілген қамшы да дайын болды.
- Кәне, қамшыларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі қамшы болды!

2.4. «Мамандықтың бәрі жақсы» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларды әр түрлі мамандықпен таныстыру; еңбекті құрметтеуге дағдыландыру; өз еліне пайдалы бола білуге тәрбиелеу.

Ойынның көрнекілігі: әртүрлі мамандықтар суреттері

Ойынның барысы: әртүрлі мамандықтар суреттері тақтаға ілінеді. Бала өзі қалаған мамандығын қарап алады да, сол мамандық туралы әңгімелейді. Мамандықты неге ұнататынын, қандай жақсылығы мен пайдасы бар екенін әңгімелейді.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз не өрдік?
- Өруді қалай үйрендік?
- Қамшы дегеніміз не?
- Өруді қандай тәсілмен дайындадық?
- Қамшыны неден өрдік?
- Қамшыны қандай түсті жіптерден өрдік?
- Өру үшін қамшыны қайда бекіттік?
- Өру үшін қамшыны немен бекіттік?
- Қамшы неше бөліктен тұрады?
- Қамшының бөліктері қалай аталады?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға:

- Балалар, біз өрген қамшының қандай ұлттық маңызы бар?
- Қамшыны өргенде қандай тәсілді пайдаландық?
- Бүгінгі еңбектерің өздеріңе ұнады ма?
- Балалар, бүгін тамаша шығармашылық таныттыңдар!
- Жарайды, балалар, еңбектеріңе көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова.А.



ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды жедел жәрдем көлігімен таныстыру; қорапшаларды қағазбен қаптап сан мен жолақшаны қағаздан қиып жапсыруға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сөздік жұмыс

"Жедел жәрдем көлігі", "қорапша", "сан", "жолақша", "қаптау" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Шаттық шеңбері, түсіндіру, көрсету, қаптау, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, бір үлкен және төрт кішкентай қорапшалар, картон қағаз, қатты қағаздан дайындалған төрт дөңгелек, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, сандар, мұғалім, дәрігер, құрылысшы, спортшы суреттері мен құралдары

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға бір үлкен және төрт кішкентай қорапшалар, картон қағаз, қатты қағаздан дайындалған төрт дөңгелек, ақ қағаз, қайшы, түрлі-түсті қағаз, желім-қарындаш, тақтайша, майлық, сандар

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Шаттық шеңбері

Педагог:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, денсаулықтарың қалай? "Дені саудың жаны сау" дегенді қалай түсінесіңдер?
- Дені сау болса, адамның жаны да ауырмайды екен, солай ма, балалар?
- Олай болса, өз денсаулығымызға шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Ауырмаса денеміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Ауырмайды жанымыз (қол білезіктерін айналдырады)
- Болашаққа сенеміз (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Таза біздің жанымыз! (орындарында тұрып, айналады)
- Ауырмаймыз, күлеміз (қолдарын жоғары көтереді),
- Денсаулықты білеміз (қолдарымен ирек жасайды).
- Денсаулыққа бас иіп (иіліп, тәжім етеді),

- Біз қадірлеп жүреміз! (қолдармен күн бейнесін көрсетеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, "Дені саудың жаны сау" деп дұрыс айтылған, солай ма?
- Олай болса, өз денсаулығымызды күту және сақтау кімге байланысты екен?
- Балалар, адам ауырып қалғанда алдымен кімнен көмек сұрайды?
- Дәрігерден көмек сұрайды, ал егер, адам түнде ауырып қалса ше, түнде дәрігер жұмыс жасай ма екен?
- Жедел жәрдем шақырады екен, солай ма?
- Сондықтан адамдар ауырып қалған жағдайда жедел жәрдем көліктері көп болсын деп, жедел жәрдем көлігін жасасақ қалай қарайсыңдар?
- Балалар, жедел жәрдем көлігі бәрімізге керек, солай ма? Ауырмайық, дегенмен де сақтанғанымыз дұрыс емес пе?
- Жарайсыңдар, адамдарға арнап жедел жәрдем көлігін жасаймыз.
- Балалар, неге жедел жәрдем көлігін адамдарға арнап жасайық деп шештіңдер?
- Себебі, адамдар ауырып қалғанда жедел жәрдем көлігі тез келуі үшін, солай ма?
- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Жедел жәрдем көлігі екен. Осындай жедел жәрдем көлігін жасауымыз керек, балалар!
- Олай болса, балалар, адамдарға арналған жедел жәрдем көлігін жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Жедел жәрдем көлігінің ойыншық түріндегі нұсқасы екен.
- Балалар, мына ойыншық шын өмірдегі жедел жәрдем көлігіне қатты ұқсайды екен, солай ма?
- Бізге осындай жедел жәрдем көлігі ойыншығын қорапшалардан жасау керек болады.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, қорапшаларды аламыз, ішіндегі ең үлкен қорапшаны алып, сыртын ақ қағазбен қаптаймыз, желімді жұқалап, өте ұқыпты жағамыз.
- Балалар, қолымыздағы қорапшада қандай пішін пайда болды? Төртбұрыш пайда болды.
- Енді, балалар, жапсыруға кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Жедел жәрдем"

- Балалар, орнымыздан тұрайық, біраз сергіп алайық!
- Жедел жәрдем көлігі (саусақтарының басын қайшылайды),
- Жедел жәрдем береді (қолдарын жанына жібереді).
- Ауырып қалса адамдар (бастарын ұстайды),
- Тез-ақ жетіп келеді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға төрт кішкентай қорапшаны алып, екеу-екеуден жалпақ күйінде беттестіріп, арасына желім жағып, кепкенше қойып қоямыз.
- Енді екеуден желімделген қорапшаларды бір-біріне желімдеп, жапсырамыз.
- Бұл, балалар, жедел жәрдем көлігінің алдыңғы жағы болады.
- Кепкен қорапшаларды ақ қағазбен ұқыпты қаптаймыз.
- Дұрыс қаптап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы желім мен қорапшаларда болады.
- Жарайсыңдар, қаптауларың әдемі болды!
- Балалар, енді тақтадағы суретке қараймыз.

- Енді, балалар, қазір желімделген кішкене қорапшаларымыздан бұрыш жасаймыз.
- Балалар, бұрышты қалай жасаймыз?
- Картон қағазды аламыз, ортасынан бүктей отырып, қиямыз.
- Балалар, енді картоннан бұрышты қалай жасаймыз, маған қараймыз?
- Екіге бөлінген картон қағазымыздың бір бөлігін аламыз.
- Оны дайындалған кішкентай қорапшалардың көлемімен мөлшерлеп алып, артығын қиып тастаймыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі қиюға тырысамыз.
- Енді картон қағазды майыстыра бүктеп, бұрыш жасаймыз.
- Жарайсыңдар, бұрыштарың дайын болды! Жасалған бұрышты ақ қағазбен қаптаймыз.
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Үлкен қорапша мен кішкентай қорапшаны бір-біріне желімдеп, бекітеміз.
- Жедел жәрдем көлігінің корпусы дайын болды.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, енді қайшымен көгілдір түсті қағаздың артқы жағында жедел жәрдем көлігінің терезелері бар, соларды қиямыз.
- Енді, желім-қарындашпен ол терезелерді жапсырамыз.
- Жедел жәрдем көлігінің терезелері де дайын болды.
- Енді біздің жедел жәрдем көлігімізге сан керек, қызыл түсті қағаздың артында сандар бар, соларды мұқият қиып, жедел жәрдем көлігімізге жапсырамыз.
- Жедел жәрдем көлігімізге қызыл жолақша мен кірес керек, қызыл қағаздан дайын жолақшалар мен кіресті қиып аламыз да желім жағып, жедел жәрдем көлігімізге жапсырамыз.
- Балалар, тағы да тақтадағы суретке қараймыз.
- Ештеңе ұмыт қалдырған жоқпыз ба?
- Балалар, жедел жәрдем көлігіне дөңгелектер керек.
- Дөңгелектер жапсырылып бітті, енді жедел жәрдем көлігімізге жарық беретін фонар керек.
- Ол үшін өздерің сары қағаздың келесі бетінен дайын тұрған дөңгелекшені қиып аламыз.
- Балалар, майда қиындыларға желімді қою жақпаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, жедел жәрдем көлігі де дайын болды.
- Кәне, жедел жәрдем көліктеріңді жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай көп жедел жәрдем көліктері! Адамдар сендерге риза болатын болды.

2.4. «Кімге не керек?» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балаларға мұғалім, дәрігер, құрылысшы, спортшыға қажет құралдарды көрсетіп, қай мамандық иесіне қай құралдың жататындығын сұрау, сол арқылы балаларды тапқырлыққа үйрету.

Ойынның шарты: суреттегі мамандықтарды атау және оларға жұмыс барысында қандай құралдар керек екенін табу.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз адамдарға арнап не дайындадық?
- Жедел жәрдем көлігін неден дайындадық?
- Жедел жәрдем көлігін дайындау үшін неше қорапша пайдаландық?
- Ол қорапшаларды қалай дайындадық?
- Қорапшаларды немен қаптадық?
- Жедел жәрдем көлігі не үшін қажет?
- Жедел жәрдем көлігінің тағы қандай бөліктерін дайындадық?
- Ол бөліктерді неден жасадық?
- Жедел жәрдем көлігіне қандай сандар жапсырдық?
- Жедел жәрдем көлігіне жолақшаларды қалай жапсырдық?
- Жедел жәрдем көлігіне арналған жолақшалар мен сандарды қандай түстерден жапсырдық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, адамдарға арналған жедел жәрдем көліктерін керемет жасадыңдар!
- Адамдар ауырып қалған кезде жедел жәрдем көлігі тез келетін болды деп, қатты қуанатын болды.
- Балалар, ауылдық жерлерде жедел жәрдем көлігі бола ма? Кешке ауылдағы туысқандарыңмен хабарласып, сұрап көріңдерші, ауылда жедел жәрдем көлігі жоқ болса, ауылға да арнап жасап береміз, солай ма, балалар?
- Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова.А.



КӨКТЕМГІ ШАЛҒЫН

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды ұжымдық коллаж жұмысымен таныстыру; түрлі-түсті қағаздармен әшекейлеу арқылы көктемгі шалғын жасауға үйрету; ұжымдық жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Коллаж", "ұжым", "көктемгі шалғын", "ұжыммен жапсыру" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Релаксация, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, жыл мезгілдеріне арналған суреттер мен карточкалар, түрлі-түсті қима қағаздар, желім-қарындаш, майлық

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті қима қағаздар, желім-қарындаш, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Релаксация "Жаңбыр әуені"

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай? Көктем келіп, жылғалардан су ағып қуанып жатырсыңдар ма?
- Олай болса, жаңбыр әуенімен бірге біз де шаттанайықшы!
- Балалар, тақтадағы бейнебаяннан қандай сурет көресіңдер, сол бейнені музыка әуенімен бірге бейнелеуге тырысамыз.
- Жаңбыр жауып тұр (қолдарымен тамшы жасайды),
- Жаңбыр басылды (қол білезіктерін айналдырады)
- Жапырақтарға тамшы тұрды (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Айнала түгел жап-жасыл! (орындарында тұрып, айналады)
- Жаңбыр ақырын жауып тұр (саусақ бастарын қимылдатады),
- Саңырауқұлақ тұр жауынның астында (қолдарымен бастарын айналдырып, дөңгелек жасайды).
- Жауын құрты пайда болды (денелерін ирелеңдетеді),

- Жаңбыр тағы жауа бастады (қолдарымен тамшы жасайды).
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, көктем келіп, бәріміз де қуанып қалдық, солай ма?
- Олай болса, бүгін біз көктемге арнап коллаж жасасақ, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, көктемге арналған коллажды бәріміз ұжыммен жасаймыз.
- Сондықтан алдарыңда түрлі-түсті қағаздан қималар бар, сол қималарды үлкен қағазға жапсыру арқылы коллаж жасаймыз.
- Балалар, коллаж дегеніміз не?
- Коллаж - бірнеше адамдардың бірлесе отырып, бір үлкен шығарманы дайындауы.
- Коллажды балалар, көбіне жапсыру тәсілдері арқылы орындайды.
- Біз бүгін коллажды түрлі-түсті қима қағаздармен жасаймыз.
- Балалар, енді коллажды қалай жасаймыз?
- Алдымен тақтаға назар аударайық.
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Бұл, балалар, өздерің сияқты балалардың жасаған коллажы.
- Балалар, біз бүгін осындай коллажды бәріміз біріге отырып, жасауымыз керек.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, мына суретке мұқият қарап алайық, біз осы суретті жапсыру тәсілі арқылы жасауымыз керек.
- Тақтадан қандай сурет көріп тұрсыңдар?
- Балалар, бұл көктемгі шалғынның суреті.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, коллаждың төрт бөлігіне төрт команда келеді.
- Тақтаға қараңдаршы, балалар, коллаж қағазымыз қалай орналасуы керек?
- Балалар, коллажға әркім өзінің түрлі-түсті қима қағаздарымен келеді.
- Енді, дұрыс болды, балалар.
- Енді, жұмысымызды әрі қарай жалғастырмас бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Көктем"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Көктем келді көңілді (қолдарын жоғары көтереді),
- Нұр жайнатып өмірді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жылғалардан су ағып (саусақтарымен ирек жасайды),
- Тамылжитты өңірді (қолдарын жанына жібереді).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, коллажда қандай бейнелерді көріп тұрсыңдар?
- Иә, коллаждың жоғары оң жағында күн мен сол жағында бұлттардың суреті бар екен.
- Бұл жерге балалар, бір команда екіге бөлініп, екі жақтан келіп, бояуға кіріседі.
- Келесі команда коллаждың сол жағындағы төменгі бөлікке келеді, ол жерде тау етегіндегі шыршаның, саңырауқұлақтың және дөңнің суретін бояйсыңдар.
- Келесі команда коллаждың сол жақ бөлігінің жоғары жағына келесіңдер, ол жерде таудың, тау басындағы шыршаның суреті бар, сол жерді бояйсыңдар.
- Енді, келесі команда коллаждың оң жақ бөлігіне келесіңдер. Ол жерде ағаштар мен саңырауқұлақтар бар, соны ұқыптап бояйсыңдар.
- Балалар, арасында тақтадағы коллажға да қарап қойыңдар.

- Енді, балалар, жұмыс басталды.
- Балалар, бір-бірімізге кедергі жасамай, әдемі, әрі ұқыпты бояймыз.
- Мен барлық командалардың жұмысын қадағалап отырамын.
- Балалар, алдарыңдағы түрлі-түсті қима қағаздарды дұрыс пайдалана біліңдер.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі жапсыруға тырысамыз.
- Бірінші команданың жұмысы жақсы жапсырылып жатыр.
- Екінші команда да жарайсыңдар, жұмыстарың тамаша болып келе жатыр!
- Енді, үшінші команда не істеп жатыр екен? Жақсы.
- Ал, төртінші команда ше? Жарайсыңдар!
- Балалар, жұмыстарың жақсы шығып жатыр.

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, жұмысымыз дайын болып қалды.
- Енді, әр команда жапсылырмай қалған жерлер жоқ па, ұқыптап тексеріп отырамыз.

- Балалар, тағы да тақтадағы коллажға қараймыз.
- Коллаждағы әрбір жапсырылатын бөлік пен бөлшекті мұқият қадағалауымыз керек.
- Балалар, тақтадағы коллажға және өздерің жапсырып жатқан коллажға мұқият қарап алыңдар.
- Ештеңе жапсырылмай қалып қойған жоқ па?
- Балалар, бәрі дұрыс па, тексеріп болдыңдар ма?
- Міне, балалар, коллажымыз да дайын болды.
- Кәне, төрт команда төрт жағынан ұстап, жоғары көтеріп, көрсетіндерші?
- Қандай әдемі коллаж болды!

2.4. «Жыл мезгілдері» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін кеңейту; жыл мезгілдері атауларын дұрыс атауға жаттықтыру; жыл мезгілдері өзгерістерін талқылай білуге дағдыландыру. Ойынның көрнекілігі: жыл мезгілдеріне арналған суреттер мен карточкалар. Ойынның барысы: педагог балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілінің төрт бөліктен тұратынын және әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкалары бар екенін айтады. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері туралы карточкаларды алып, сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы: қыс мезгіліне қар, шырша, аққала).

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз нені жапсырдық?
- Коллажды немен жапсырдық?
- Коллаж дегеніміз не?
- Қанша командамен жұмыс жасадыңдар?
- Ненің бейнесін жапсырдыңдар?
- Коллажды не үшін дайындадық?
- Коллаж қалай аталды?
- Коллажбен жұмыс жасаған ұнады ма?
- Қандай әсер алдыңдар?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында:

- Балалар, "Көктемгі шалған" тақырыбындағы коллажды керемет жасадыңдар!
- Көктемді қалай жақсы көретіндеріңді коллаж арқылы көрсеттіңдер, жарайсыңдар!
- Балалар, енді бұл коллаж сендердің тамаша еңбектеріңнің бірі ретінде тобымызда ілулі тұрады.
- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова.А.



ҰЛТТЫҚ КЕСЕ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды «Папье-маше» әдісімен таныстыру; газеттен «Папье-маше» әдісі арқылы жасалған кесені оюлап сәндеуге үйрету; «Папье-маше» әдісіне деген қызығушылықтарын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Папье-маше", "кесе", "ақ гуашь", "әдемі бояу", "жылтыр сыр", "әшекейлеу" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Психологиялық ахуал, түсіндіру, көрсету, Папье-маше әдісі, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, «Папье-маше» әдісі арқылы жасалған кесе, түрлі-түсті гуашь, екі қылқалам, су құйылған ыдыс, жылтыр сыр, тақтайша, майлық, ыдыс, көкөністер мен жемістер суреттері, көкөністер мен жемістер муляждары, қоржын

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға «Папье-маше» әдісі арқылы жасалған кесе, түрлі-түсті гуашь, екі қылқалам, су құйылған ыдыс, жылтыр сыр, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Психологиялық ахуал

- Балалар, бәріміздің көңіл-күйіміз көтеріңкі, айналамызда және халқымызда өнерлі де жақсы адамдардың көп болғанын ұнатамыз. Ендеше қол ұстасып, бір-бірімізге жақсы көңіл-күй мен саулық тілейік!

- Кел, балалар, ойнайық!

- Ойнайық та ойлайық!

- Қандай реніш болса да!

- Күлкімізге тоймайық!

- Өнер көзі - халықта,

- Өнерді ұштап қалықта!

- Жалғастырып дәстүрді,

- Өнеріңмен шарықта!

- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, "Өнер көзі - халықта" дегенді қалай түсінесіңдер?
- Өнері бар адамдардың көбі халық арасынан шығады деген мағынаны білдіреді екен.
- Балалар, сендер өнерлі болғыларың келе ме?
- Олай болса, біз де өз өнерімізді байқап көрсек, қалай қарайсыңдар?
- Балалар, кесе шәй немесе сусын ішу үшін бәрімізге де керек, солай ма?
- Жарайсыңдар, кесені өзімізге арнап жасаймыз.
- Балалар, бізде кесе дайын тұр, біз оны ұлттық нақышта безендіруіміз керек.
- Себебі, кесе бізге де көп керек болады, үйде қонақтар келгенде де кесені көп пайдаланамыз, солай ма?
- Балалар, тақтаға қарандаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Қандай әдемі кесе! Осындай кесені өзімізге арнап, қалай жасамайсың?!
- Олай болса, балалар, өзімізге арналған кесені жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?
- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?
- Балалар, біз өзімізге арнап, осындай кесені әшекейлеп, үйренуіміз керек!
- Кесенің айналасы қалай әрленген екен?
- Оюлармен әрленген екен.
- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?
- Олай болса, кесені аламыз, алдымыздағы тақтайға төңкереміз, түрлі-түсті қағаздан жасалған қималарды дайындап аламыз.
- Балалар, қолымыздағы кесені "Папье-маше" әдісі бойынша оқу қызметінде дайындағанбыз.
- "Папье-маше" әдісі дегеніміз не?
- "Папье-маше" дегеніміз - талшықты материалдардан дайындалған қоспадан жасалған бұйым.
- Балалар, қолымыздағы кесені немен бояймыз?
- Енді, балалар, кесені безендіруге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Кесе"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!
- Әшекейлеп кесені (саусақтарының басын қимылдатады),
- Сусын ғана ішеді (сусын ішкендей қимыл жасайды).
- Ұлттық әрлі кесемен (саусақтарының басын желімдей ұштайды),
- Қымызды да ішеді (қол білезіктерін айналдырады).
- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға кесені алып, алдымыздағы тақтайшаның үстіне жатқызамыз.
- Енді, балалар, өздеріңе ұнаған гуашпен кесені қалай бояймыз, маған қарандар!
- Кесені тақтайшаға жатқызамыз, оң қолымызбен кесені ақырын айналдыра отырып, сол қолымызға

қылқалам алып, мұқият бояуға тырысамыз.

- Дұрыс бояп жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы кесе мен қылқаламда болады.

- Жарайсыңдар, кеселерің тегіс боялып жатыр!

- Балалар, тақтадағы суретке қараңдаршы, басқа балалар қалай бояп жатыр екен?!

- Енді, балалар, гуашпен боялған кесені кепкенше қойып қоямыз.

- Балалар, алдарыңда қандай түсті гуашь бар? Қызыл, сары, көк, жасыл.

- Енді өздеріңе қандай түс ұнайды, сол түстен өрнек саламыз.

- Балалар, өрнекті қалай саламыз, маған қараймыз?

- Тағы да кесені жатқызамыз. Басқа қылқалам мен қажетті түсті таңдаймыз.

- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан әдемі бояуға тырысамыз.

- Жарайсыңдар, кеселер боялып, дайын болды!

- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?

- Кесеміз кепкенше тағы да қойып қою керек екен.

- Кесеміз кепкенде сыртын жылтыр сырмен әрлейміз.

- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, кесеміз кепті, енді сыртын жылтыр сырмен бояймыз.

- Балалар, біздің кесеміз қандай кесеге ұқсап келе жатыр?

- Ұлттық кесеге ұқсап келе жатыр екен.

- Жылтыр сырмен бояу үшін кесені тақтайшаның үстіне жатқызып, түссіз жылтыр сырмен бояймыз.

- Балалар, тақтадағы суретке қараймыз, сендер де кесенің сыртын қызыл түспен әрлепсіңдер ғой!

- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан әрлеу тәсіліме мұқият қарап алыңдар.

Кесені бояғанда тегіс боялуына көңіл бөлеміз.

- Кеселер жылтыр сырмен әрленіп бітті, енді кепкенше қойып қоямыз.

- Балалар, жасаған ұлттық кеселерің өздеріңе ұнады ма?

- Міне, балалар, ұлттық кесеміз де дайын болды.

- Кәне, кеселеріңді жоғары көтеріп, көрсетіндерші?

- Қандай әдемі кеселер! Өзімізге өзіміз сыйлық жасадық.

2.4. «Заттық фриздер» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту; қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту; сөздік қорын молайту.

Ойынның көрнекілігі: ыдыс, көкөністер мен жемістер суреттері, көкөністер мен жемістер муляждары, қоржын.

Ойынның шарты: әртүрлі жемістер немесе көкөністер муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Содан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.

Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз не дайындадық?

- Ұлттық кесе неден дайындалған?

- Ұлттық кесе алдын-ала қандай әдіс арқылы дайындалған?

- "Папье-маше" әдісі дегеніміз не?

- Ұлттық кесенің сыртын қалай әрледік?

- Неге кесеміз ұлттық кесе деп аталды?

- Қандай түстерді пайдаландық?

- Кесе не үшін қажет?

- Кесемен не ішуге болады?

- Кесеге қандай оюлар салдық?

- Кесе жылтыр болуы үшін немен әрледік?

- Қалай әрледік?

- Соңында не пайда болды?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, ұлттық кесені керемет жасадыңдар!

- Үйге барғанда отбасына көрсетсеңдер, біздің баламыз өнерлі екен ғой деп қатты қуанатын болды.

- Балалар, өздеріңе жасаған кеселерің ұнады ма?

- Тамаша, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова.А.



ҒАЛАМШАР

Оқу қызметінің мақсаты

Балалардың ғаламшар туралы білімдерін кеңейту; түрлі-түсті ермексазdan ғаламшар жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Ермексаз", "ғаламшар", "түстер сәйкестігі", "майдалап жаю" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

Сәлемдесу, түсіндіру, көрсету, қайталау, көркем сөз, сергіту сәті, тәжірибелік әрекет, шығармашылық әрекет, пысықтау, ойын.

Құрал-жабдықтар

1. КӨРНЕКІЛІК МАТЕРИАЛДАР

Интербелсенді тақта, ғаламшар, бау мен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті, түрлі-түсті ермексаз, кескіш, кішкентай таяқшалар, тақтайша, майлы.

2. ҮЛЕСТІРМЕЛІ МАТЕРИАЛДАР

Әр балаға түрлі-түсті ермексаз, кішкентай таяқшалар, кескіш, тақтайша, майлық

Оқу қызметінің барысы

1. КІРІСПЕ БӨЛІМ

1.1. Сәлемдесу

Педагог балалардың назарын өзіне аударып:

- Балалар, бәріміз үлкен әдемі шеңбер жасайықшы?!
- Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
- Балалар, бәріміз Жер-Ананың құшағында тұрғандай құшағымызды кең ашайықшы, жарайсыңдар!
- Енді, Жер-Анамызға шаттанып, ризашылығымызды білдірейікші!
- Ғаламшардай дөңгелек (қолдарын жоғары көтереді),
- Жер айналар дөңгелеп (қол білезіктерін айналдырады)
- Құшағында билейді (алақандарын жанына жіберіп жаяды),
- Барлық бала дөңгелеп! (орындарында тұрып, айналады)
- Әкем-анам ардақты (қолдарын жоғары көтереді),
- Ата-әжем салмақты (қолдарымен ирек жасайды).
- Отбасыма жетпейді (қолдармен күн бейнесін көрсетеді),
- Барлық байлық салмақты! (иіліп, тәжім етеді)
- Жарайсыңдар, балалар!

1.2. Педагог:

- Балалар, біз өз Жер-Анамызды жақсы көргендіктен сол жерде бақытты өмір сүргіміз келеді, солай ма?

- Балалар, сендер білесіңдер ме, жердің ғаламшар сияқты айналып тұратынын?

- Сондықтан біз де жермен бірге айналып жүреміз.

- Балалар, Жер-Ана бәрімізге керек, солай ма? Олай болса, өзімізге жер сияқты ғаламшар жасап алсақ қайтеді?

- Жарайсыңдар, тобымызға арнап жасаймыз.

- Балалар, ғаламшарды неден жасап алсақ болады?

- Неден жасайтынымызды алдарыңда тұрған ермексаздан біліп қойдыңдар, солай ма?

- Балалар, тақтаға қараңдаршы? Ненің суретін көріп тұрсыңдар?

- Ғаламшардың суреті екен! Осындай ғаламшарды ермексаздан жасап үйренуіміз керек, балалар!

- Олай болса, балалар, тобымызға арнап ғаламшар жасайық.

1.3. Педагог балалардың назарын тақтаға аударады:

- Балалар, тақтадағы суретке қарайықшы?

- Балалар, ненің суретін көріп тұрсыңдар?

- Балалар, бұл ермексаздан жасалған ғаламшар, біз де ермексаздан осындай ғаламшарды жасап үйренуіміз керек!

- Ғаламшар аясы (фоны) көбіне қандай түстен тұрады?

- Көгілдір түстен тұрады екен.

- Балалар, енді алдымыздағы заттарымызды тексеріп алайық, бәрің де керекті құралдар түгел ме?

- Олай болса, тақтайшаны аламыз, алдымен алақанға сиып тұратындай көгілдір түсті ермексаздан кесіп аламыз, енді екі алақан арасына салып, дөңгелектей бастаймыз.

- Балалар, қолымыздағы ермексазда қандай пішін пайда болды? Дөңгелек пайда болды.

- Енді, балалар, мүсіндеуге кіріспес бұрын саусақтарымыз бен қолдарымызды біраз қимылдатып алайықшы?!

2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ

2.1. Сергіту сәті "Ғаламшар"

- Балалар, орындарымыздан тұрып, біраз сергіп алайық!

- Жермен бірге айналып (саусақтарының басын қимылдатады),

- Тұра берер дөңгелеп (саусақтарымен дөңгелек жасайды).

- Ғаламшар да айналып (саусақтарының басын желімдей ұштайды),

- Жатыр міне, дөңгелеп (қол білезіктерін айналдырады).

- Жарайсыңдар, балалар!

2.2. Тәжірибелік әрекет

- Балалар, енді қолымызға көгілдір түсті ермексазды алып, алақанымызбен жұмсартып шығамыз.

- Ол үшін, балалар, қалай жұмсартамыз, маған қараңдар!

- Ермексазды екі қолымызбен алақан арасына қыса отырып, барынша әдемі дөңгелек жасауға тырысамыз.

- Дұрыс жасап жатырсыңдар, бар ынтамыз қолымыздағы ермексазда болады.

- Жарайсыңдар, дөңгелектерің әдемі болды!
- Балалар, арасында тақтадағы ғаламшардың суретіне де қарап қойыңдар.
- Енді, балалар, домалақ ғаламшарды тақтаға қарай отырып, басқа түрлі-түсті ермексазdan аздan алып жапсырамыз.
- Балалар, алдарыңдағы ғаламшарда қандай түстер бар? Қызыл, сары, жасыл.
- Ғаламшарда көп түстер бар екен.
- Тақтадағы ғаламшарға қарай отырып, сондай түстерден аздan алып, жапсырамыз.
- Балалар, сендер ересек болдыңдар, сондықтан ғаламшарды әдемі жасауға тырысамыз.
- Жарайсыңдар, ғаламшар дайын болды!
- Енді, балалар, бізге не дайындау керек?
- Ғаламшарды әрлейтін түрлі-түсті кішкентай ермексазды дайындауымыз керек екен.
- Ол үшін тағы да ғаламшарға керек түстен кесіп аламыз, енді сол түстерді ғаламшар бояуына ұқсатып, майдалап жағамыз.
- Тамаша, балалар!

2.3. Шығармашылық әрекет

- Балалар, ғаламшардың домалағын жасап болдық.
- Енді, біз кішкентай таяқшалармен теңіздер мен мемлекетті әрлейміз.
- Алдымен дайын домалаққа нені жапсырамыз?
- Дайындаған түрлі-түсті ермексазымызды жапсырамыз.
- Ол үшін тақтайшаның үстіне ғаламшарды жатқызып, түрлі-түсті ермексазымызды жағамыз.
- Балалар, ғаламшарды әрлеу үшін тақтадағы суретке қараймыз.
- Балалар, тақтадағы суретке және менің көрсетіп жатқан жапсыру тәсіліме мұқият қарап алыңдар. Ғаламшардың ермексазының дұрыс қиылысуына көңіл бөлеміз.
- Жалпы ғаламшар жасалып бітті, енді ғаламшардың сыртындағы бос жерлерді тексеріп, әшекейлейміз.
- Ол үшін өздерің дайындаған түрлі-түсті ермексаз бар, соларды пайдаланамыз.
- Балалар, майда ермексазды назардан қалдырмаймыз, сәл ғана жұқалап жақсаңдар жетеді.
- Міне, балалар, ғаламшар да дайын болды.
- Кәне, ғаламшарларыңды жоғары көтеріп, көрсетіңдерші?
- Қандай әдемі ғаламшар! Тобымыз риза болатын болды.

2.4. «Не қайда өседі» дидактикалық ойыны

Ойынның мақсаты: балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін кеңейту; заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту; өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту. Ойын көрнекілігі: бау мен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті. Ойынның шарты: бау мен бақша салынған суреттерге жеміс пен көкөністердің суретін ретімен орналастыру.

2.5. Пысықтау сұрақтары

- Балалар, бүгін біз не дайындадық?
- Ғаламшарды неден дайындадық?
- Ғаламшарды дайындау үшін қандай пішін дайындадық?

- Ол пішінді қандай тәсілмен дайындадық?
- Ғаламшардың бөліктерін қалай әрледік?
- Ғаламшар дегеніміз не?
- Ғаламшар неге айналады?
- Ғаламшарды немен жасадық?
- Майда жағу тәсілі қалай орындалады?
- Ермексаздан түрлі түстерді қалай жасадық?

3. ҚОРЫТЫНДЫ

Педагог балаларға ризашылығын білдіріп:

- Балалар, ғаламшарды керемет жасадыңдар!
- Сендердің ғаламшарларыңды топқа қойып қоятын болдық, басқа балалар да көріп, қатты қуанатын болды.
- Жақсы, балалар, бүгінгі шығармашылықтарыңа көп рақмет, сау болыңдар.

Тексерілді: Омарова.А.



ШАҢЫРАҚ

Оқу қызметінің мақсаты

Балаларды түрлі-түсті қағаздарды әртүрлі түспен бөліктеп қию арқылы шаңырақ жасауға үйрету; жапсыруға деген қызығушылықтары мен жағымды қарым-қатынасын қалыптастыру.

Сөздік жұмыс

"Бөліктеп қию", "майдалап қию", "шаңырақ", "таяқшалар", "жолақшалар", "әшекейлеу" сөздерін пайдалану.

Әдіс-тәсілдер

